# SARYARQA

3 sáýir 2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№12 (8176)



QOǴAM — «МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫ АЗАЙМАЙДЫ» 2-бет

ÁLEÝMET — 42500 ТЕҢГЕ: КІМГЕ және ҚАШАН ТӨЛЕНЕДІ? 3-бет

ZERDE — ҚАЛАМЫ ҚУАТТЫ ҚАЛАҒАҢ ЕДІ 5-бет

RESMI — ҚАШЫҚТАН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ 6-бет




# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

***Құрметті отандастар!***

Қазір бүкіл әлем бұрын-соңды болмаған күрделі жағдаймен бетпе-бет келіп отыр.

Коронавирус індеті дүние жүзін жайлап барады.

Бүгінде 177 мемлекетте 800 мыңға жуық адам осы дертке шалдықты.

Оны жұқтырғандар саны күннен-күнге артуда.

Біз төтенше жағдай жариялап, Қазақстанда вирустың жаппай таралуына жол бермедік.

Соның арқасында ахуалды бақылауда ұстап отырмыз.

Халқы Қазақстанмен шамалас кейбір елдерде коронавирусқа шалдыққандар ондаған есе көп.

Мен елорда мен Алматыда ғана емес, еліміздің барлық өңірінде карантинді күшейтуді тапсырдым.

Барша қазақстандықтарға сабыр сақтап, түсіністік танытқаны үшін алғысымды айтамын.

Біз дүрбелең тудыруға жол бермейміз.

Дәл осы кезде халық мемлекетке қолдау көрсетуі керек.

Бұл – аса маңызды.

Коронавирус – батпандап кіріп, мысқалдап шығатын қауіпті дерт.

Дегенмен, біз індетке шалдыққан адамдарға барлық қажетті көмекті көрсетеміз.

Бүгінде бүкіл еліміз дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің қайсарлығына тәнті болуда.

Олар – адам өміріне араша түсіп жатқан бүгінгі күннің батырлары.

Сондықтан пандемияға қарсы күрестің алдыңғы легінде жүргендерге қосымша қолдау көрсету жөнінде шешім қабылдадым.

Дәрігерлерге және медицина қызметкерлеріне 3 ай бойы қосымша үстемеақы төленеді.

Медицина қызметкерлерінің өмірін сақтандыру мәселесі де шешімін тапты.

Әрине, ақ халатты абзал жандар бұдан да зор қолдауға лайық.

Сондай-ақ полиция қызметкерлері мен әскери қызметшілерге де айрықша алғыс білдіремін.

Төтенше жағдай режимінің қашанда экономикалық және әлеуметтік салдары болады.

Біз үшін азаматтардың денсаулығымен қатар олардың өз табысынан айырылмауы да маңызды.

Мен бұған дейін дағдарысқа қарсы алғашқы шаралар топтамасын жарияладым. Үкімет пен әкімдер оны жүзеге асыруды бастады.

Жағдайдың ушыға түскенін ескеріп, азаматтарға және бизнеске одан әрі қолдау көрсету жөнінде мынадай қосымша шешімдер қабылдадым.

**Бірінші.** Инфляцияның артуына байланысты зейнетақы, мемлекеттік жәрдемақы және атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін жылдық өлшеммен алғанда 10 пайызға индексациялауды тапсырамын.

Осыған орай, аталған санаттағы азаматтардың табысын арттыру үшін мемлекет тарапынан 200 миллиард теңгеден астам қаражат бөлінеді.

**Екінші.** Биылғы 23 наурызда табысынан айырылған азаматтарға ең төменгі жалақы мөлшерінде қолдау көрсетілетіні туралы айттым.

Енді осы көмекті алатын азаматтардың санатын кеңейтуді тапсырамын.

42500 теңге көлеміндегі бұл қаражат бұрын тұрақты жұмыс істеп, жалақы алғандарға ғана емес, сондай-ақ өзін өзі жұмыспен қамтыған және ресми тіркелмей еңбек ететін азаматтарымызға да берілуге тиіс.

Мұндай көмекті алу үшін олар өздерінің мәртебесін бекітуге тиіс. Содан кейін аталған азаматтар төтенше жағдай кезеңінде мемлекеттен ай сайын әлеуметтік көмек алып отырады.

Еш жерде көрсетілмесе де жеткілікті табысы бар адамдар осы төлемді алу үшін өтінім беруі мүмкін.

Бұған дейін де осындай жағдай болғаны жасырын емес.

Бірақ кейбір жауапсыз адамдардың кесірінен шын мәнінде көмекке мұқтаж жүз мыңдаған азаматымызды қолдаусыз қалдыра алмаймыз.

Жалпы, 23 наурызда және бүгін жарияланған шаралардың нәтижесінде 3 миллионға жуық азаматымызға көмек көрсетіледі.

**Үшінші.** Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша сақтандырылмаған азаматтардың медициналық көмек алу құқығын 1 сәуірден 1 шілдеге дейін ұзартуды тапсырамын.

Аталған сақтандыру жүйесінде болу-болмауына қарамастан осы кезеңде азаматтарымызға толық медициналық көмек көрсетілуге тиіс.

**Төртінші.** Тұрмысқа қажетті заттар мен азық-түлікті тегін алатын азаматтардың санатын кеңейту керек.

Мұндай көмек түрі қосымша 1-ші, 2-ші, 3-ші топтағы мүгедектерге, мүгедек балаларға және жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтарға берілуі қажет.

Осындай шара арқылы 800 мыңнан астам адамға көмек көрсетеміз.

Бұл ретте тұрмысқа қажетті заттар мен азық-түліктің шекті мөлшерін бекіткен жөн.

►►*2-бетте*

# АЛҒЫ ШЕПТЕГІЛЕРГЕ – АЙРЫҚША ҚОЛДАУ

***коронавируспен күресуге тартылған медицина қызметкерлеріне төленетін үстеме ақы көлемі бекітілді***




**Дүйсенбі күні ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен ҚР Президенті жанындағы Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның селекторлық отырысы өтті. Бұл туралы ҚР Премьер-министрінің баспасөз қызметі хабарлады.**

Еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай туралы денсаулық сақтау министрі Е. Біртанов, өңірлердегі ахуал туралы – Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, сондай-ақ, Қарағанды және Атырау облыстарының әкімдері, ТЖ енгізілуіне байланысты табысынан айырылғандарға әлеуметтік төлемдер жасау шаралары туралы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Б. Нұрымбетов баяндады.

ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың тапсырмасын орындау аясында Мемлекеттік комиссия эпидемияға қарсы іс-шараларға тартылған медицина қызметкерлерінің еңбекақысына ай сайынғы бекітілген үстеме ақы белгілеу туралы шешімді бекітті.

Төлемдер коронавирусты жұқтыру қаупі бар үш топ бойынша 3 айдың ішінде жүргізіледі:

1. «Қауіптілігі аса жоғары» – реанимация бөлімшелерін қоса алғанда, инфекциялық стационарлардың дәрігерлері, орта және кіші медицина қызметкерлері. Үстеме ақы 20 ең төменгі жалақыны құрайды (Жалақының ең төменгі мөлшері (ЖТМ), 850 мың теңге).

2. «Қауіптілігі жоғары» – провизорлық стационарлар мен жедел жәрдем дәрігерлері, орта және кіші медицина қызметкерлері. Үстеме ақы 10 ЖТМ (425 мың теңге) құрайды.

3. «Қауіптілігі орташа» – карантиндік стационарлардағы дәрігерлер, орта және кіші медицина қызметкерлері, санитарлық дәрігерлер (мемлекеттік қызметкерлер), жедел жәрдем жүргізушілері және т. б. Үстеме ақы 5 ЖТМ (212,5 мың теңге) құрайды.

Үкімет басшысы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне медицина қызметкерлерінің денсаулығы мен өмірін сақтандыруды қамтамасыз етуді тапсырды.

Медициналық қызметкер коронавирустық инфекциямен ауырған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бөлінетін бір реттік әлеуметтік төлем көлемі 2 млн теңгені, ал көз жұмған жағдайда 10 млн теңгені құрайды.

Отырыс барысында әлеуметтік әлжуаз топтағы тұрғындар мен төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты жұмысынан уақытша айырылған азаматтарға мемлекеттік қолдау көрсету мәселесіне ерекше назар аударылды.

– Мұқтаж азаматтарға мемлекеттік қолдау көрсетудің тиімділігін қамтамасыз ету қажет. Бұл ретте көмекті тағайындау тетігі тұрғындар үшін барынша қарапайым әрі қолайлы болуы тиіс, – деді А. Мамин.

# КАРАНТИН ҚҰРСАУЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ

***облыс әкімі толғандырған сұрақтарға жауап берді***

**Қарағандыда коменданттық сағат енгізілуі мүмкін бе? Коронавирус облыс аумағына қайдан кірді? Осы және өзге де сұрақтарға аймақ басшысы Жеңіс Қасымбек дүйсенбі күні «Saryarqa» телеарнасының студиясында жауап берді.**

Аптаның алғашқы күні облыста коронавирустық инфекциямен ауырғандардың жалпы саны 13 адамға жетті. 30 наурызда зертханалық тәсілмен тағы да 6 оқиға расталды. Олар 18 наурызда Минск – Нұр-Сұлтан рейсімен Қарағандыға ұшып келген студенттер. Арнайы рейстің барлық жолаушылары дереу карантинге орналастырылды. Пациенттердің жағдайын дәрігерлер қанағаттанарлық деп бағалайды.

Облыста барлығы 592 адам тәулік бойы дәрігерлердің бақылауында, тағы 514 адам үйлерінде оқшауланған.

– Қарағанды облысының бас санитарлық дәрігерінің өкімі бойынша бүгінгі күннен бастап коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау мақсатында бес қалада – Қарағанды, Саран, Шахтинск, Абай және Теміртау қалаларында жекелеген шектеу шаралары бар карантин режимі енгізілді.

Ал 2 сәуір күні сағат 00.00-ден бастап адамдардың аталмыш қалалардың карантиндік аймағына кіріп-шығуына тыйым салынады. Сондай-ақ, 2 сәуір күні сағат 00:00-ден бастап теміржол және автовокзалдардың, әуежайдың (арнайы рейстерді, жүк, пошта тасымалдарын және экипажы ауысатын техникалық тоқтауларды қоспағанда) қызметі уақытша тоқтатылады. Сонымен қатар қоғамдық көліктердің қозғалысы да шектетіледі, — деп хабарлады облыс әкімі.

***– Карантин нәтижесінде коменданттық сағат енгізілуі мүмкін бе?***

– Мұндай мәселе қарастырылып жатқан жоқ. Ешкім коменданттық сағат енгізуді болжап отырған жоқ.

***–Адамдар несие мерзімін кейінге қалдыру және карантин кезінде банкоматтарды толтыру жөнінде көптеген сұрақтар қояды.***

– Дұрыс сұрақ. Облыста жұмыс істейтін екінші деңгейдегі банктердің барлық филиалдары осы мәселемен айналысуда. Бұл жұмыстарды Ұлттық банк бақылауда. Біз, жергілікті билік те өз тарапымыздан оны қадағалаймыз. Карантин кезеңінде өсімақы, айыппұл және бұрын берілген несиелер бойынша негізгі қарыз бойынша барлық төлемдерді кейінге қалдыру жоспарлануда. Банкоматтардың толықтырылуына қатысты Ұлттық банк қолма-қол ақшаның тапшылығы болмайтынына кепілдік береді.

***– Қарағанды серіктес қалалармен тығыз байланыста. Мүмкін, бір үлкен карантиндік аймақ құру керек пе?***

– Біз де дәл осыны айтып отырмыз. Неліктен бес қаланы карантин аймағына кіргіздік? Тағы да қайталаймын, 2 сәуірден бастап бес қала – Қарағанды, Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай шаһарлары кіру және шығу периметрі бойынша жабылады. Осы қалалардың арасында, үлкен еңбек көші-қонын ескере отырып, жол жүруге рұқсат етіледі.

***– Коронавирус қайдан келді?***

– Коронавирус жұқтырған 10 адам «Минск-Нұр-Сұлтан» авиарейсімен келген. Үш адам – жергілікті тұрғын. Басқа арнайы рейстерді Қарағандыға қабылдау жоспарланып отырған жоқ.

***– Карантин кезінде қанша кәсіпорын жұмыс істемейді?***

– Біздің облыста 80 мыңнан астам шағын және орта бизнес кәсіпорындары бар. Әрине, олардың көпшілігі шектеу шараларын қабылдайды.

***– Билік «АрселорМиттал Теміртау» және басқа да өндірістік кәсіпорындардың қызметкерлерін ақысыз демалысқа жібермеуге кепілдік бере ала ма?***

– Бұл мәселе бойынша бүгін біз ірі кәсіпорындардың басшыларымен кездестік. Карантин кезеңінде жұмыс орындары мен жалақы сақталады деген келісімге келдік. «АрселорМиттал Теміртаумен» меморандумға әзірше қол қойылған жоқ. Келісім талқылану барысында. Дегенмен компания Үкіметке бұл туралы растама жіберген.




►►*4-бетте*

(Соңы. Басы 1-бетте)

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

Жергілікті шағын және орта бизнесті өнім өндіру және оны жеткізу ісіне жұмылдыру қажет.

Үкімет отандық IT-компанияларды әлеуметтік қолдауға бөлінген қаражаттың мақсатқа сай жұмсалуына тиімді мониторинг жүргізетін платформа әзірлеу жұмысына тартуы керек.

Алдағы уақытта мұндай көмекті заттай емес, азаматтардың өздері таңдап, сатып алуы үшін қаржылай беруге көшкен жөн.

**Бесінші.** Көктемгі егіс науқанын уақтылы өткізу аса маңызды.

Бюджеттен 70 миллиард теңге бөлінеді. Бұл қаражат шаруаларға «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы беріледі. Оның үстемеақысы 5 пайыздан аспайды.

Осы мақсатқа «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы арқылы қосымша 100 миллиард теңге бөлуді тапсырамын.

Аталған бағдарлама аясындағы түпкі мөлшерлеме барлық салалар бойынша біріздендіріліп 6 пайыз болды.

Ең алдымен шағын және орта шаруа қожалықтарына қолдау көрсеткен жөн.

Сонымен қатар Үкіметке жанармайдың нарықтық бағасын 15 пайызға арзандатып, 165 теңгеге дейін төмендету міндеті жүктелді.

Осыны қамтамасыз ету үшін 390 мың тонна жанармай жеңілдікпен сатылатын болады.

Арзан жанармай шаруаларға дейін жетуге тиіс. Оны жеткізетін «операторлардың» жұмысы толығымен ашық болуы керек.

Үкімет пен Бас прокуратура өңірлерде тиісті бақылау мен қадағалау жұмыстарын қамтамасыз етуге тиіс.

Карантин жағдайында күрделене түсетін бірқатар мәселе бар.

Бұл – кепілге қойылған мүлікті халыққа қызмет көрсету орталықтарында ресімдеу, нотариалды куәландыру, қосалқы бөлшектер сатып-алу және т.б.

Сондықтан Үкімет пен әкімдіктер көктемгі егіс науқанын ерекше бақылауға алуы керек.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан алғанда әр күніміздің маңызы зор.

**Алтыншы.** Карантинге байланысты елорда, Алматы және Шымкент қалалары төңірегінде еңбекке жарамды, бірақ жұмыссыз қалған азаматтардың саны арта түсті. Бұл, ең алдымен, жастарға қатысты.

Үкімет пен әкімдер «Жұмыспен қамту жол картасы» аясында аталған өңірлерде нақты жобаларды жүзеге асыруды дереу қолға алуы қажет.

Азаматтарымыздың табыс көзі болуға тиіс. Олар күнін көре алмай құрсауда қамалып отырмауы керек.

«Жұмыспен қамту жол картасы» аясында жұмыс істеуге ниет білдірген азаматтарға ең төменгі мөлшердегі екі жалақы немесе 85 000 теңге төленеді. Мұны олар бірден жұмыс орнына келген кезде алады.

Бұл тұрақты жалақысы емес, соған қосымша ретінде беріледі.

Осыған орай арнайы мобильді орындар ашылып, әкімдіктер түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, коронавирусқа қатысты экспресс-тест алып, жұмысшыларды жұмылдыруды және жаңа жұмыс орнына дейін жеткізуді ұйымдастырады.

Жұмыс берушілер «Жұмыспен қамту жол картасы» бойынша еңбек ететіндердің бәріне лайықты жағдай жасап, қорғану құралдарымен қамтамасыз етуге тиіс.

**Жетінші.** Мен бұған дейін шағын және орта бизнесті қолдауға арналған шараларды жарияладым.

Бұл – салық жеңілдіктері, қарызды өтеу мерзімін шегеру және тағы басқа шаралар.

Шағын және орта бизнес өкілдерінің ұсыныстарына келетін болсақ, олардың көбі қазірдің өзінде қолдау тауып, құзырлы органдар тарапынан жүзеге асырылып жатыр.

Соның ішінде мемлекеттік қолдау шараларына сай келетін қызмет түрлерін кеңейту, несиенің үстемеақысын төмендету және біріздендіру, мемлекеттік кепілдіктердің көлемін арттыру жұмыстары қамтылған.

Қаржы нарығын реттеу агенттігі шағын және орта бизнестің несиелерін өтеу мерзімін ұзарту, төлемді қайта қарастыру мәселелері бойынша банктермен, басқа да қаржы ұйымдарымен жұмыс жүргізуде.

Осы мәселеге жеке тоқталып өткен жөн.

Көптеген кәсіпкер төтенше жағдай кезінде несиенің пайыздық үстемеақысын есептемеу үшін банктерге тапсырма беруді сұрап отыр.

Мұндай қадам банктерді шығынға ұшырататынын түсінуіміз керек. Олар да біздің экономикамыздың ажырамас бөлігі.

Дегенмен, мен тағы да екінші деңгейдегі банктерден азаматтық жауапкершілік пен түсіністік танытуды сұраймын.

Банктер қиын жағдайға тап болғанда мемлекет оларға айтарлықтай көмек берді.

Қазір сіздер халыққа және отандық бизнеске қолдау көрсетулеріңіз керек.

Қажет болған жағдайда мемлекет тарапынан қосымша нұсқаулық шаралар қолға алынады.

Жағдай одан әрі ушығатын болса, Үкімет пен қаржы саласының құзырлы органдары бұл мәселені шешу үшін тиісті шаралар қабылдайды.

Келесі мәселе. Кәсіпкерлеріміз салықтық жүктемені азайтуға қатысты қосымша қолдауға мұқтаж. Бұл жұмыс орындарын сақтау және жалақы төлеу үшін аса маңызды.

Сондықтан экономиканың ең көп зардап шеккен секторларындағы шағын және орта бизнес өкілдері 6 айға (биылғы 1 сәуірден 1 қазанға дейін) еңбекақы төлеу қорынан ұсталатын салықтан және басқа да төлемдерден босатылады.

Бұл қоғамдық тамақтану, сауда, көлік қызметі, консультациялық қызмет, IT, қонақүй, туризм және басқа да салаларды қамтиды.

Оның нақты тізімін төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия бекітіп, қажет болған жағдайда толықтырып отырады.

Кәсіпкерлердің үндеуінде дағдарыс кезеңінде салық төлемеу туралы өтініш болғанын айтқан едім.

Осы орайда мынадай мәселені атап өткім келеді.

Тиісті жедел шешім қабылданды. Менің тапсырмам бойынша Үкімет шағын және орта кәсіп иелерінің барлық салық төлемдерін 3 айға тоқтатты.

Бұл қазіргі қалыптасқан жағдайда салықтан босатылғанымен, оның кейін төленуі керектігін білдіреді.

Сонымен қатар біз экономикалық ахуалды жан-жақты бағамдап отырмыз. Алдағы жағдайға байланысты түпкілікті шешім қабылдаймыз.

Келесі мәселе. Үкімет еліміз үшін маңызды импорт тауарларына салынатын баж салығын алып тастау мәселесіне қатысты Еуразия экономикалық одағындағы серіктестерімізбен жұмыс жүргізуде.

Жеке қорғаныс құралдары, өндіріске қажетті шикізат, вакциналар мен диагностикаға арналған құрал-жабдықтар жөнінде тиісті шешім қабылданды.

Өз елімізде жеткілікті емес азық-түлік тауарларына салынатын импорттық баж салығын төмендету бойынша жұмыс жалғасуда.

Үкімет отандық бизнестің сұраныстарын ескеріп, аталған жұмысты жеделдеткені жөн.

Сондай-ақ, жергілікті шағын және орта бизнестің әлеуетін пайдалану қажет. Бұл – өте маңызды мәселе.

Әкімдіктер және Үкімет («Мемлекеттік азық-түлік корпорациясы» арқылы) отандық агро және қайта өңдеу кәсіпорындарынан кемінде 6 ай бұрын өнімді сатып алудың кепілді жүйесін жолға қоюға тиіс. Басқаша айтқанда, «алдын ала сатып алу» немесе «алынған өнім бойынша сатып алу» тетігін енгізуі керек.

Кәсіпорындардың өзара ықпалдастығының нақты жолын анықтау қажет, яғни егістік басынан дүкен сөресіне дейінгі тізбекті айқындап, оларды жеңілдетілген несиемен қамтамасыз ету қажет.

Бұл ретте бизнес өкілдері өндіріс көлемін қамтамасыз ету, тұрақты бағаны ұстап тұру, жұмыспен қамту және өзіне жүктелген басқа да міндеттерді жауап-кершілікпен орындауға тиіс.

**Сегізінші.** Аталған шаралар топтамасын жүзеге асыру үшін Үкіметке және Ұлттық банкке барлық қажетті қаражат көздерін пайдалануды тапсырамын. Соның ішінде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, Ұлттық банктің ресурстары мен құралдары да бар.

Тұңғыш Президентіміз – Елбасы құрған Ұлттық қордың қаржысын ұтымды пайдалануымыз керек.

Бөлінген қаражатты нақты экономикаға жедел әрі тиісті деңгейде жеткізу үшін мемлекеттік даму институттары арқылы қаржыландыру мүмкіндігін де қарастырған жөн. Олардың қатарында «Бәйтерек», «Аграрлық несие корпорациясы» және басқалары бар.

Осындай қолдау түрі өзге де жеңілдіктер сияқты экспорттық әлеуеті бар тез дамып келе жатқан орта деңгейдегі компанияларға арналуы тиіс. Мұндай компаниялар дағдарыстан кейінгі кезеңдегі негізгі «қозғаушы күшке» айнала алады.

Тағы бір мәселе. Дағдарысқа қарсы шаралардың ауқымы мен қаржылық ресурстардың көлеміне байланысты бөлініп жатқан қаражаттың мақсатқа сай әрі тиімді жұмсалуының, азаматтарға және бизнеске қолдау көрсету кезінде ашықтық пен айқындық қағидатын қамтамасыз етудің маңызы арта түседі.

Бұл міндет Есеп комитетіне жүктеледі. Бұл жұмысқа аймақтық ревизиялық комиссияларды, қоғамдық кеңестерді де жұмылдыру қажет.

Осы ретте төтенше жағдайда қойылатын арнайы талаптар да ескерілуі керек.

***Қадірлі ағайын!***

Коронавирус індетіне байланысты баршамыз күрделі кезеңді бастап өткеріп отырмыз.

Бірақ бұл – уақытша қиындық.

Біз мұны міндетті түрде жеңеміз!

Бүкіл әлем күресуде. Біз де бар күш-жігерімізді саламыз.

Біз, мемлекет және қоғам болып барша азаматтарымызға қолдау көрсетеміз, ешкімді көмексіз қалдырмаймыз.

Мұқтаж адамдарға қол ұшын береміз.

Бұған ешқандай күмән болмауы керек.

Қоғамдағы береке-бірлік күш-қуатымызды арттырады.

Осы ретте індетті жұқтырған азаматтарға да қолдау білдіргім келеді. Еш мойымаңыздар! Бұл ауру қаншалықты қауіпті болғанымен, одан емделіп шығуға болады. Сіздерге көмектесу үшін барлық жағдайды жасаймыз.

Ең бастысы, шыдамдылық, төзімділік және жауапкершілік танытайық.

Біз – рухы асқақ, бірлігі бекем, еңсесі биік халықпыз.

Сондықтан бұл сынақтан да сүрінбей өтіп, қиындықты бірге еңсереміз деп сенемін.

Басты тойларымыз әлі алда.

Төрт құбыламыз түгел болсын, ағайын!

Біз біргеміз!

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

## «МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫ АЗАЙМАЙДЫ»

***министр қашықтан оқытуға қатысты сауалдарға жауап берді***

**Қашықтан оқыту кезінде мұғалімдердің жалақысы сақтала ма? Компьютері жоқ балалардың мәселесі қалай шешіледі? Шалғай ауылдарда тұратын оқушылар не істейді? Жазғы демалыс уақыты қысқартыла ма? Осы және көптің көкейінде жүрген өзге де сауалдарға Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов «Хабар 24» арнасының тікелей эфиріндегі брифингіде жауап берген болатын.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел аумағында төтенше режим жариялаған соң, мектеп оқушылары, ЖОО және колледж студенттері қашықтан оқыту форматына көшірілді. Бұл коронавирус инфекциясының таралуын тоқтату мақсатында қабылданған шешім еді. Әйтсе де, осы орайда көптің көңілінде «мұғалімдердің жалақысы сақтала ма, әлде қысқара ма?» деген сауал ұялады. Министрдің айтуынша, жалақы азаймайды.

– Қашықтан оқыту форматы жалақыға еш әсер етпеуі керек, жалақы да азаймауы керек. Өйткені әріптестеріміз сол баяғы жұмыс көлемін атқарады. Дайындық жұмыстары әдеттегіден де көп болатын кездері болады. Сондықтан, мұғалімдердің жалақысын өзгертпеу туралы тапсырма бердік. Бұл тапсырма арнайы бұйрықта нақты бекітілген, – деді Асхат Аймағамбетов.

Қош делік, мектеп оқушылары төртінші тоқсаннан бастап қашықтан білім алуға көшеді. Әйтсе де, олардың барлығы интернетпен және қажетті гаджеттермен қамтылған ба? Компьютері жоқ балалар қалай білім алады?

– Интернеті, техникалық мүмкіндігі бар, бірақ компьютері жоқ деген 300 мыңнан астам бала бар. Оларға қатысты ақпарат жеткілікті. Сондықтан бұл мәселені шешудің екі жолын көріп отырмыз. Бірінші – біздің мектептердің балансындағы компьютерлерді балаларға уақытша беру. Бұл жұмысты бастадық. Мысалы, Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары белсенді жүргізіп жатыр. Айталық, Алматы қаласы 10 мыңнан астам компьютерді таратып үлгерді. Мектептердің компьютерлерін уақытша пайдалану бойынша арнайы актімен ата-аналарға, балаларға беріп жатырмыз, – деді министр.

Десек те, мектептегі санаулы компьютерлер барлық оқушыға жетпесі анық. Сондықтан да, қазіргі таңда Білім және ғылым министрлігі қосымша компьютерлер сатып ала бастаған. Министрдің айтуынша, 80 мыңға жуық гаджет алынады екен. Олардың арасында планшеттер де бар. Бұдан бөлек, мұғалімдерді қажетті құрал-жабдықтармен қамту жұмыстары да жүргізілуде.

Тағы бір айта кетерлігі, қашықтан оқу мектеп оқушыларының барлығын қамтымайды. Интернеті жоқ, бала саны аз шалғайдағы ауыл мектептері қалыпты режимде жұмыстарын жалғастыра береді.

– Бізде шағын жинақталған, әсіресе, шалғайдағы, өте алыстағы елді-мекендердегі мектептер бар. Оларда бала саны өте аз. 20, 40, 50 бала білім алады. Бірақ, үлкен мектептер. Осы мектептер бойынша қазіргі уақытта тиісті шешім қабылдадық. Әрине, эпидемиологиялық жағдайға байланысты әлі де шешімді қарап, керек болса түзетеміз. Бірақ, республика бойынша осындай мектептердің тізімін анықтадық және осы мектептерде қазіргі уақытта тиісті карантиндік шаралар қабылданатын болса, онда сол мектептер өздерінің дәстүрлі форматында жұмысын жалғастыра беруге мүмкіндіктері бар, – Асхат Аймағамбетов.

Әйтсе де, мұндай мектептерде сабақ уақыты 30 минуттан болады және кабинеттік режим жойылады. Яғни, оқушылар, барлық пәнді, тек, өз сыныптарында отырып оқиды.

Көпті алаңдатқан тағы бір сұрақ – жазғы демалыс уақыты қысқара ма? Министрдің айтуынша, әзірге мұндай мәселе қарастырылмаған екен.

– Тоқсандық демалысқа бір апта ерте шығу оқу жылын ұзартуды қажет етпейді. Қазіргі уақытта мұндай мәселе қарастырылып жатқан жоқ. Жазғы каникулды қысқарту да жоспарымызда жоқ. Алдағы уақытта күтпеген оқиғалар болып жатса, ойлануымыз мүмкін. Бірақ, әзірге бұл мәселе көтерілген жоқ, – деп жауап берді министр.

**«Saryarqa-ақпарат»**

## ҚАМДАНҒАН ҚАПЫ ҚАЛМАЙДЫ

**Коронавирус инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында Мемлекет басшысы 15 наурызда ел аумағында Төтенше жағдай жариялау туралы Жарлық шығарғаны белгілі. Аталған Жарлыққа сай елді-мекендерде бірқатар шектеулерді көздейтін сақтық шаралары қолға алынды.**




Сондай сақтық шараларының бірі – Жезқазғанға Қарағанды және Қызылорда бағытынан келетін жолдардың кіре берісіне қойылған санитарлық бекеттер. Аталған санитарлық бекеттер 16 наурыздан бастап, екі ауысыммен жұмыс істеуде. Бекет жұмысының басты мақсаты – қала аумағына өзге аймақтардан келетін жолаушылардың денсаулығын тексеріп, келушілер туралы мәлімет қорын жинақтау.

– Президент Жарлығына сай қаламызда осындай екі санитарлық бекет жұмыс істеп тұр. Мұнда қаладағы денсаулық сақтау мекемелерінің, санитарлық қызмет мамандары және полиция қызметкерлері жұмылдырылған. Келуші көліктердің барлығын полиция қызметкерлері тоқтатып, медицина мамандары олардың қызуын өлшеп, денсаулық жағдайын тексереді. Полиция қызметкерлері егер келушілер арасында науқастар анықталса, оларды жедел жәрдем көлігімен медициналық мекемелерге жеткізудің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, полиция инспекторлары қызметтік планшеттер арқылы келушілер туралы мәліметті «Сергек» автоматтандырылған ақпарат жүйесіне енгізеді, – дейді Жезқазған қаласы полиция басқармасы бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Аманжол Кәрімов.

Екі бағытта орналасқан санитарлық бекеттерде бүгінде жұмыс қалыпты. Келген көліктерде науқас азаматтар мен түрлі ереже, заң бұзушылықтар анықталмады. Жергілікті әкімдік тарапынан санитарлық бекеттің қызметіне қажетті барлық жағдайлар жасалған.

**Өз тілшіміз**

**Зардабы ауыр дерттің белең алуына жол бермеу мақсатында Жезқазған қаласында барлық жауапты мекемелер мен кәсіпорындар індет тудырған міндетті терең сезініп, дезинфекция жұмысын күшейтіп отыр.**

## ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ КҮШЕЙТІЛДІ

Қала көшелерімен қатар ірілі-ұсақты сауда орындары, көп қабатты тұрғын үйлер мен ауласы, қоғамдық көліктерде тазалық мәселесіне ден қойылып, күнбе-күн залалсыздандыру жүргізіліп жатыр. Бүгінде Жезқазғанда қалаішілік жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын 6 жауапкершілігі шектеулі серіктестік пен 4 жеке кәсіпкер тіркелген. Олардың қарамағында барлығы 83 автобус бар. Аталмыш қоғамдық көліктер күніне 747 айналым жасайтын көрінеді. Және әр айналым сайын автобустың іші мен сырты арнайы залалсыздандырғыш құралдармен тазартылады.

Сонымен қатар, қаладағы 92 аялдама павильоны мен қала көшелері де назардан тыс қалмады. Екі арнайы техникамен, 10 бірлік бүріккішпен жабдықталған 13 адам күніне екі рет аялдамаларды дизенфекциялап, көше жолдарын жуады. Қажеттінің бәрімен жабдықталған 15 адамнан құралған тағы бір топ саябақтардың дезинфекциясына жауапты.

Сондай-ақ, тіршілікті қамтамасыз ететін жылумен, сумен қамтамасыз ету кәсіпорны, жылу орталығы мен электр тарату кәсіпорынында, авто-темір жол вокзалдары мен әуежайда барлық сақтық шаралары қатаң сақталуда. Ғимараттар дезинфекцияланып, қызметкерлер медициналық маскалармен, антисептиктермен, қолғаптармен қамтамасыз етілген. Алдағы күндері де бұл талаптардың қатаң сақталуы бақылауда болмақ.

**Өз тілшіміз**

**Коронавирус инфекциясының таралуына байланысты жарияланған төтенше жағдай мен әлемдік нарықтағы бағаның құбылуына байланысты туындаған экономикалық қиындық кезінде жұмыскерлерді қысқартпау, еңбекақы мөлшерін төмендетпеу ерекше маңызды. Осыған байланысты Қарағанды облысы әкімі Жеңіс Қасымбек аймақтағы ірілі-ұсақты кәсіпорын басшыларымен, олардағы кәсіподақ ұйымдарымен үш жақты меморандумға қол қойды. Осындай меморандум Жезқазғанда да қабылданды.**

## МЕМОРАНДУМ ҚАБЫЛДАНДЫ

– Коронавирус инфекциясының таралуы бір жағынан, халықаралық нарықтағы бағаның өзгеруі, екінші жағынан біздің облыстың өміріне біраз өзгеріс әкеліп отыр. Бізде өндіріліп, экспортқа шығарылатын тауарлар бағасы түсіп жатыр. Соған қарамастан, жүйе құрушы кәсіпорындар басшылығы азаматтық жауапкершілік танытып, елге қарайласуда. Бұл үшін алғысымды білдіремін. Біздің тарапымыздан елді-мекендерді абаттандыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын жаңғырту бағытында жол картасы әзірленіп, Үкіметтен қаржы бөлінуде. Осы бастама аясында біз құрылыс, инфрақұрылым сияқты салаларда 18 мың жаңа жұмыс орнын ашуды жоспарлап отырмыз, – деді облыс басшысы ірі кәсіпорын жетекшілерімен кездесуде.



Облыс әкімдігі «Қазақмыс» корпорациясы және Жәйрем тау-кен байыту комбинаты бастаған барлығы 160 ірі және орта комапаниялар, олардың кәсіподақ ұйым-дарымен жұмыс орындарын сақтауды, еңбек құқықтарының сақталуын және өндірістің тұрақтылығын қамтамасыз етуді көздейтін үш жақты меморандумға қол қойды.

Жезқазған әкімдігінде де осындай бас қосу өтіп, онда 18 кәсіпорын мен әкімдік арасында меморандум қабылданды. Бұл кәсіпорындарда бүгінде 7 мыңға жуық адам еңбек етуде.

– Нарықтағы ахуалды барлығымыз көріп, біліп отырмыз. Бизнеске де оңайға соғып отырған жоқ. Алайда, сіздерден осындай қиын-қыстау кезінде жұмыскерлерге деген қамқорлық, азаматтық жауапкершілік күтеміз. Жағдайды терең түсініп, осындай қадамға барғандарыңыз үшін ризашылық білдіремін, – деді қала басшысы Қайрат Бегімов кәсіпкерлерге.

**Өз тілшіміз**

**«Saryarqa aqparat» медиа-холдингінің директоры Қамбар Ахметовтің бұйрығымен облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің Бас редакторы лауазымына белгілі журналист Ерсін МҰСАБЕКОВ тағайындалды.**

## ОБЛЫСТЫҚ БАСЫЛЫМДА – АУЫС-ТҮЙІС

Ерсін Кәрібайұлы Мұсабеков 1974 жылы 12 шілдеде Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы Ералиев селосында дүниеге келген.

Жезқазған университетінің филология, Қазақстан-Ресей университетінің жур-налистика, академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің экономика факультеттерін бітірген.

1999 жылдан бері журналистика саласында жемісті еңбек етіп келеді.

Әр жылдары Жезқазған қалалық «Дидар» телеарнасында қатардағы редактор, директор кеңесшісі, аймақтық «Сарыарқа» газетінде тілші, шолушы, жауапты хатшы, Қаражал қалалық «Қазыналы өңір» газетінің бас редакторы, «Орталық Қазақстан» газетінде тілші, аға тілші, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, Бас редакторының бірінші орынбасары қызметтерін атқарған.



Сондай-ақ, басылым бас редакторының саясат, экономика және құқық мәселелері жөніндегі орынбасары лауазымына журналист Ахат Құрмансейітов, мәдениет, руханият және ақпарат мәселелері жөніндегі орынбасары қызметіне Ілияс Мұқаев тағайындалды.

**«Saryarqa-ақпарат»**

# Ләззат РАНОВА: АХУАЛДЫ БАҚЫЛАУДА ҰСТАП ОТЫРМЫЗ



**Әлемді алаңдатқан COVID-19 коронавирус инфекциясының таралуына байланысты ел аумағында жарияланған төтенше жағдай бәрімізден тас түйін дайындықты талап етеді. Осы ретте қаладағы эпидемиологиялық жағдай мен індеттің алдын алу мақсатында қолға алынған шаралардың барысын Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат РАНОВАДАН білдік.**

***– Ләззат Нәбиқызы, бүгінгі таңда медицина қызметкерлеріне жүктелген міндеттердің еселеп артқанын білеміз. Қауырт та қарбалас кезеңде оқырмандарды алаңдатқан сұрақтарға жауап беруге уақыт тапқаныңызға алғыс білдіреміз. Енді Жезқазғандағы жалпы ахуалды әңгіме өзегіне айналдырсақ.***

– Жезқазған-Ұлытау аймағындағы жағдай тұрақты. Қазіргі таңда біздің аймақта коронавирустық инфекция тіркелмеді. Дерттің алдын алу және болдырмау мақсатында Жезқазған қаласының бас санитарлық дәрігерінің қаулысына сәйкес санитарлық-профилактикалық іс-шаралар кешені әзірленіп, эпидемиологиялық жағдай туындағанда қолданыналатын шаралар легі қабылданды. Атап айтар болсақ, облыстық туберкулезге қарсы диспансердің Сәтбаев қаласында орналасқан Жезқазған бөлімшесінде 80 провизорлық төсек орын дайындалды. Бұған дейін мұнда ем қабылдап жатқан науқастар түгел Қарағанды облыстық туберкулез диспансеріне ауыстырылды. Карантин кезінде туберкулез ауруын қоздыратын таяқшаларды жұқтырып алу қаупінің мүлде жоқ екеніне назар аударғым келеді. Өйткені, диспансер толығымен залалсыздандырылды. Ағымдағы жөндеуден өтті. Күнбе-күн емхана кварцталып, ылғалды дезинфекция жасалады.

Сонымен қатар, Жезқазған қаласының көпбейінді ауруханасы жанынан да коронавирустық инфекциясын жұқтырғандармен байланыста болған адамдарды провизорлық емдеуге жатқызу үшін 20 орындық резервтік төсек бөлімшесі жасақталды. COVID-19 вирусы пайда болған жағдайда Сәтбаев қаласының № 1 орталық ауруханасы жанынан ашылған инфекциялық бөлімшеде арнайы дайындалған инфекциялық және реанимациялық төсектер де іске қосылмақ. Дәрігерлер бригадасы, орта және кіші медицина қызметкерлері арнайы дайындық курсынан өтті. Қажетті медициналық препараттар мен дезинфекциялық құралдарының қоры да жеткілікті. Сондықтан, тұрғындарды дәрігерлердің дайындығы жоқ, вирусты жеңуге қауқарсыз деген ойдан аулақ болуға шақырамыз.

***– Жақында шет елдерге шығып келген тұрғындарды қатаң бақылауға алғандарыңыздан хабардармыз. Олардың жалпы саны қанша, жағдайлары нешік?***

– Коронавирус инфекциясы кең тараған елдерден келген адамдарға тұрақты бақылау жүргізіліп жатыр. Оларға провизорлық бөлімшелерге орналастыру немесе үй жағдайында оқшаулау шаралары қолданылды. Медициналық бақылауға алынғандар арнайы сауалнама толтырып, дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлері жүргізген медициналық тексерулерден өтті. Күні бүгінге дейін провизор бөлімінде 41 адам болды. Жүргізілген медициналық талдаулардың теріс нәтижесінен кейін 38 адам үйіне шығарылды. Сонымен қатар, үй карантиніне 43 адам алынды. Қоңырау шалу әдісімен медициналық бақылауда тағы 13 адам бар. Олардың денсаулығы бір қалыпты деп бағалауға болады.

***– Алдын алу шараларына оралсақ...***

– Ауыр індетті ауыздықтап, еліміздің өзге аймақтарына таралмауын қамтамасыз ету мақсатында жауапты мекемелердің бәрі күшейтілген жұмыс режиміне көшкенін білесіздер. Біз де, яғни денсаулық сақтау саласының қызметкерлері тәулігіне 24 сағат күзет сапындамыз. Жезқазған-Қарағанды мен Жезқазған-Қызылорда бағытындағы жолда екі санитарлық блок-бекеттер белгіленген. Бекеттердің қызметкерлері екі ауысымда 12 сағаттан жұмыс істейді. Блок-бекеттер COVID-19 вирусының таралуына қарсы іс-қимыл жасау мақсатында елде жарияланған төтенше жағдай шеңберінде қойылған міндеттерді сапалы орындау үшін барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілген. Олар қалаға кірген әр азаматтың дене қызуын тексеріп, коронавирус дерті белгілерінің бар-жоғын анықтайды. Медицина қызметкерлері үшін жайлы вагондар орнатылған. Онда ауысымдағы қызметкерлер демалып, тамақтана алады. Қазіргі уақытта блок-бекеттер тәулігіне 4 рет берілетін тамақпен қамтамасыз етілген.

Сондай-ақ, 2020 жылғы 21 наурыздан бастап, күн сайын құрамына Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігінің қызметкерлері, медицина қызметкерлер бригадасы және көлік бойынша санитарлық дәрігер кіретін арнайы топ біздің қалаға пойызбен, автомобиль көлігімен немесе ұшақпен келетін жолаушыларды қарсы алып, олардан сауалнама алып, медициналық тексеру жұмыстарын жүргізуде. Жолаушылардан алынған мәліметтер Жезқазған және Сәтбаев қалаларының санитарлық сараптама мекемесіне жөнелтіледі. Олар өз кезегінде белгіленген алгоритм бойынша одан әрі жұмысты ширата түседі. Бұл коронавирус жұқтырғандармен және осы инфекция тараған елдерден келгендермен байланыста болған адамдарды шұғыл анықтау мақсатынан туындап отырған қажеттілік. Сондықтан, уақытпен санас-пай, бастарын тәуекелге тіге отырып, жерлестерінің саулығы үшін қызмет етіп жүрген медицина қызметкерлерінің еңбегіне құрметпен қарап, тұрғындар түсіністік танытса дейміз.

***– Медициналық маскалар қат болады деп кім ойлаған. Аталған мәселені шешу үшін қандай шаралар жасалып жатыр?***

– Шынында, Жезқазған қаласында да, бүкіл ел аумағындағыдай медициналық маскалар мен антисептиктердің жетіспеушілігі сезіліп тұр. Дегенмен, Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы және жергілікті жерлердегі жауапты органдар маска тапшылығын жоюды күнтәртібінен түсірмей отыр. Маска шығаратын «Мерей МФ» ЖШС біртіндеп өндіріс қарқынын үдетуде. Қазіргі таңда қарағандылық кәсіпорын күніне 40-50 мың маска тігіп жатыр. Алайда, облыстың құрамына енетін 9 қала мен 9 аудан барын ескерсек, маска жетіспеушілігінің туындауы заңдылық. Жезқазғанның әлеуметтік дәріханаларына (Жезқазған қаласының көпбейінді ауруханасы, Жезқазған қаласының емханасы (аурухана қалашығы) 23 наурызда 6 мың дана маска мен 180 литр антисептик жеткізілді. Ол маскалар сол күні сатылып кетті. «Бізге 15-20 мың дана маска керек» деп күнде тапсырыс жасағанмен аптасына бір рет жеткізілетін олардың саны аз. Соңғы рет жеткізілген маскалардың белгіленген бағасы 80 теңгені құрады. Бағаның өсуі шикізаттың қымбаттауымен байланысты.

Енді қала тұрғындарында «Неге масканы тек «Мерей» ЖШС-дан сатып алу керек» деген сауал туындауы мүмкін. Бүгінгі таңда басқа фирмалар біздің тұтынушыларымызы үшін қолайлы баға ұсына алмай отыр. Олар ұсынған маскалардың бағасы 180-200 теңге немесе тіпті жоғары. Ал, бұл баға өз кезегінде әлеуметтік дәріханалар үшін тиімсіз. Айта кету керек, Денсаулық сақтау министрлігі дәрілік заттардың бағасын реттегенмен, медициналық бұйымдарға шекті бағалар белгілей алмайды. Ал, маскалар сол медициналық бұйымдар тізіміне жатады. Дей тұрғанмен біз бағаны ұстау және негізсіз көтермеу жөнінде бизнес құрылымдармен түсіндіру жұмыстарын ұдайы жүргіземіз.

Жеке дәріханалардың маскаларымен қамтамасыз етілуіне келетін болсақ, бұл мәселені олардың әкімшілігі шешеді. Айта кету керек, дәріхана иелерінің басым көпшілігі маскаларды өзіндік құны бойынша сатуға дайын. Бірақ қазір жеткізушілер ұсынған бағаларда өсім байқалады. Оған жол шығындарын қосса, 2-3 сағаттық маскалардың құны шарықтап шыға келеді. Сондықтан дәріхана иелері маскалардың бағасы тұрғындардың қалтасын қағып, сатылмай қалады деп күдіктенеді.

Тұрғындардың әлжуаз тобын маскамен қамтамасыз ету мәселесі де өз шешімін тауып жатқанын жақсы білесіздер. Осы ретте бейжайлық танытпаған белсенді жезқазғандықтардың бастамасы бас июге тұрарлық. Олар көп рет пайдалануға жарамды маскаларды тігіп, оны мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен аз қамтамасыз етілген, көп балалы отбасыларға таратып жатыр. Сонымен бірге, Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы маска тігу үшін тегін 15 000 метр дәке бөлді. Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі және қалалық ішкі саясат бөлімімен бірлесе осы дәкеден маска тігетін еріктілердің тізімі жасалды. 27 наурызда тігіліп басталған маскалар 18 жасқа дейінгі балаларға, жүкті әйелдерге және егде адамдарға арналмақ. Аталған маскалардың дайын болғанда жоғарыда аталған санаттағы тұрғындар өздерінің отбасылық дәрігерлік амбулаториясынан немесе емханасынан тегін алатын болады.

***– «Сақтансаң, сақтайды» дейтін халықтың өкіліміз ғой. Сондықтан, әрбір тұрғынның көкейінде «қайтсем ауырмаймын?» деген сұрақ бар. Сіз не дейсіз?***

– Көктемді ата-бабамыз жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін шағы деп бағамдаса, дәрігерлер үшін наурыз-мамыр айлары авитаминоз кезеңі. Коронавирустың біздің елде таралған шағы дәл осы сәтпен тұспа-тұс келіп отыр. Қай дерт болмасын иммунитеті төмендерді айналдыратыны белгілі. Сондықтан, тұрғындар құнарлы әрі дәрумендерге бай тағамдарды, оның ішінде С, Д және Омега-3 дәруменді жеміс-жидек пен көкөністерді тұтынып, салауатты өмір салтын ұстануы қажет. Сонымен қатар, дене шымырлығын арттырып, спортпен айналысқаны да абзал.

Адам көп шоғырланатын көпшілік орындарға бармау, жеке бас тазалығын ұстану, үйі мен жұмыс орнын таза ұстап, залалсыздандыру, желдету аса маңызды. Үнемі маска тағып жүру қажеттігін айтып жатудың өзі артық. Медициналық маскалар 3 сағата ғана жарамды екенін естен шығармағайсыздар. Көп рет пайдаланатын маскаларды да үш сағат сайын кір сабынмен жуып тұру қажет. Далаға шыққанда және кіргенде масканы және қолды антисептикпен залалсыздандырып отыру қажет. Антисептик болмаса, медициналық спиртті пайдалануға болады. Тазартылмаған қолымен бет-ауыз айналасын ұстауға мүлде тыйым салынады. Далаға шыға қалған жағдайда бейтаныс адамдармен 1,5-2 метр қашықтықты сақтау керек. Қол беріп амандасуды да әзірше қоя тұруға тура келеді. Көбірек су ішіп жүргеннің де пайдасы мол. Байбаламға салынып, себепсіз алаңдаудың да зияны бар. Жоғарыда қамтылған барлық нұсқаулықтар орындалған жағдайда, ешқандай вирустен қауіп келмейді.

***– Берген мағлұматтарыңызға рақмет. Елдің амандығы мен тұрғындардың саулығын сақтау жолындағы еңбек-теріңізге толайым табыс тілейміз.***

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# 42500 ТЕҢГЕ: КІМГЕ және ҚАШАН ТӨЛЕНЕДІ?

**Республика көлемінде жарияланған төтенше жағдайдың салдарынан біркатар ірілі-ұсақты кәсіпорындар мен шағын және орта бизнес нысандары жұмысын уақытша тоқтатуға мәжбүр болды. Нәтижесінде мыңдаған жұмысшы жалақысы төленбейтін еңбек демалысына шығарылды. Дей тұрғанмен ел басына күн туған сәтте мемлекет басшылығы қарап қалмай, қазақстандықтарға қолдау көрсетудің тетіктерін қарастыруды, оның ішінде төтенше жағдай кезінде табысынан айырылғандарға ең төменгі жалақы мөлшерінде, яғни 42500 теңге жәрдемақы төлеуді тапсырды. Аталған жәрдемақыны кім және қалай алатыны жөнінде білмек мақсатта Жезқазған қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйлә ӘЛКЕБАЕВАНЫ әңгімеге тартқан едік.**

– Төтенше жағдай кезінде табысынан айырылғандарға ең төменгі жалақы мөлшеріндегі жәрдемақы міндетті әлеуметтік сақтандыру қорынан төленеді. Табысынан айрылған азаматтарға қойылатын талап біреу ғана. Ол соңғы бір жылдың ішінде бір рет болсын осы қорға әлеуметтік аударым жасауы керек. Өкіништісі сол бізге кеңес алуға келген немесе телефон арқылы хабарласқан тұрғындардың дені осыған дейін еңбек шартын жасамай жұмыс істеген. Әрине, олар үшін ешқандай міндетті әлеуметтік аударымдар жасалмаған. Сондықтан, олар бұл көмектен қағылып отыр, – деген Ләйлә Батырқызы жәрдемақы алушылардың тізіміне орта, шағын және микробизнес субъектілерінің қызметкерлері, жеке кәсіпкерлер, жеке практикамен айналысатын адамдар (нотарис, адвокат, жеке сот орындаушысы мен кәсіби медиатор), бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер қосылғанын жеткізді.

Сонымен қатар, карантин енгізілген қалалардағы ірі бизнестің қызметкерлері мен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша табыс табатындар, өздері үшін салық агенттері міндетті зейнетақы жарналарын аударған жеке тұлғалар да жәрдемақы алуға өтініш тапсыра алады.

– Сейсенбі күні мәлімдеме жасаған Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев осы әлеуметтік көмек түрін алатын азаматтардың тізімі кеңейетінін айтты. «42500 теңге көлеміндегі бұл қаражат бұрын тұрақты жұмыс істеп, жалақы алғандарға ғана емес, сондай-ақ, өзін өзі жұмыспен қамтыған және ресми тіркелмей еңбек ететін азаматтарымызға да берілуі тиіс» деді ол. Енді осы аталған категориядағы азаматтар да әлеуметтік көмекпен қамтылатын болады, – дейді Ләйлә Батырқызы.

Өтініш беру egov сервисі арқылы жүзеге асырылады. Өтінішті жұмыс беруші өз қызметкерлері үшін немесе жеке кәсіпкерлер, бірыңғай жиынтық төлем төлейтіндер, келісімшарт негізінде жұмыс істейтіндер бере алады. Сондай-ақ, қызметкер жұмыс берушіні күтпей-ақ өтінішті өзі де бере алады. Өтініш «Электрондық үкімет» веб-порталында «Электрондық өтініш» қызметі арқылы электронды форматта беріледі. Ол үшін электронды-цифрлы қолтаңба қажет. Карантин режимі енгізілуіне байланысты ЭЦҚ-ны да халыққа қызмет көрсету орталықтарына бармай-ақ онлайн түрде алуға болады. Ол үшін электронды үкімет порталына кіріп, «қашықтан ЭЦҚ алу» қызметін таңдау қажет. Әрі қарай жеке сәйкестендіру нөмірін енгізіп, ұялы телефон нөмірі көрсетіледі.

– Табысынан айрылған азаматтың өтінішін жергілікті жұмыспен қамту органы, яғни Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі қарастырады. Өтінішті қарау мен әлеуметтік төлемді тағайындау уақыты – үш күн. Қазіргі уақытта алғашқы өтініштер де келіп түсіп жатыр. Осы сәтті пайдалана отырып, өз қызметін тіркемеген, еңбек келісімшарты жоқ немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген азаматтарға ай сайынғы 1 АЕК-ты құрайтын бірыңғай жиынтық төлемді төлеудің маңызын айта өтпекпін. Егер сіз такси қызметін немесе маникюр мен педикюр жасап, үй жағдайында кондитерлік өнім ұсынсаңыз, бірыңғай жиынтық төлем төлеуге асығыңыз. Осылайша, Сіз өзіңізді бүгінгідей қиын-қыстау кезеңде сақтандыра аласыз, – деген Ләйлә Әлкебаева табысынан айрылған қала тұрғындары **76-33-23** телефонына хабарласып, құқықтық көмек ала алатынын мәлімдеді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ИНТЕРНЕТПЕН ОҚЫП ЖҮР...

## *қашықтан оқыту Жезқазған мектептерінде қалай жүзеге асуда?*

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 наурыздағы № 108 бұйрығына сәйкес, 16 наурыздан бастап Жезқазған қаласының барлық мектептері қашықтан жұмыс істеу режиміне көшірілді.**

Жезқазған қаласының жалпы білім беретін мектептерінде барлығы 14443 оқушы оқиды. Олардың 558-і ауыл мектептерінде білім алады. Барлық оқушыларда қашықтықтан оқыту үшін үйде жағдай жасалғанын айта кеткен жөн. Олар ғаламтор желісіне қосылатын компьютер, планшет пен смартфон сынды қажетті құрылғылармен жабдықталған.

Көктемгі каникул уақытында мектеп ұстаздары қашықтан оқыту бойынша дайындық жұмыстарына пысықтады. Бүгінгі күні ұстаздар оқушылар мен ата-аналарға онлайн режимінде сынақ сабақтарды жүргізуді бастап та кетті. Нәтижесі жаман емес. Оқушылардың белсенділігі жоғары. Олар пәндер бойынша берілген тапсырмаларды орындап, бос уақыттарын тиімді өткізіп жатқан жайы бар.

«Bilimal», «Bilimland» автоматтандырылған білім беру ресурстары мұғалімдерге де, оқушыларға да бұрыннан таныс. Қашықтан оқыту сабақтары «Zoom», «Google Classroom», «Daryn.online» платформаларында өткізіледі.

Мектеп әкімшілігі, мұғалімдер сабақты қашықтан оқушылармен кері байланыс арқылы жүргізеді. Осы ретте төтенше жағдай кезінде ұстаздардың жалақылары еш өзгеріссіз сақталатынын жеткіземін.

**Жеңіс ӘЛМАҒАНБЕТОВ,**
**Жезқазған қаласы білім бөлімінің басшысы**

# «ЮТАРИЯ» МАСКА ТІГУДІ БАСТАДЫ

**Жезқазған қаласы әкімдігінің ұсынысы негізінде «Ютария ltd» өндірістік инновациялық компаниясы» ЖШС 30 наурыздан бастап ұзақ пайдалануға жарамды медициналық маска тігуді бастады.**

– Біздің тігіншілер күніне 4 мың дана өнім шығара алады. Дайын өнімді жезқазғандық 21 дәріхана мен 60 кәсіпорынға сату жоспарланған. Аталған мекемелер үшін өнімнің көтерме бағасы 197 теңгені құрайды, – дейді «Ютария ltd» өндірістік инновациялық компаниясы» ЖШС бас директорының орынбасары Тұрсынай Ибадатова.

Компаниядағылар бұл медициналық маскалар белгіленген стандартқа сай тігілетінін және арнайы сертификаты барын да айтты. Медициналық маскалар қаладағы дәріханалар арқылы сатылатын болады.

**Өз тілшіміз**



**Жаһан жұртын алаңдатқан аты жаман аурудың салдарынан еліміздің білім беру саласына да айтарлықтай өзгерістер енді. Ауру ошақтары алғаш байқалған сәттен бастап қазақстандық студенттер толығымен онлайн білім жүйесіне, яғни, қашықтан білім алуға көшіп кетті. Аталған үдеріске жедел бейімделіп кеткен жоғары оқу орындарының қатарында аймағымыздағы бірден-бір жоғары білім ошағы – Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті де бар. Қашықтан оқытудың қыр-сыры қалай болып жатқанын білмек мақсатта университет ректоры, профессор Әбділмәлік ТӘКІШЕВТІ сөзге тарттық.**

# УНИВЕРСИТЕТ ОНЛАЙН РЕЖИМДЕ БІЛІМ БЕРУДЕ

***– Әбділмәлік Арғынұлы, бүгінгі таңда ЖезУ студенттері қашықтан қалай білім алуда?***

– Көпті дүрліктірген қауіпті дертке байланысты білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің тікелей тапсырмасымен Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті де қашықтан білім беру жүйесіне толықтай көшті. Қашықтан оқу процесі 16 наурыздан басталды. Университет бұрыннан да студенттерге қашықтан оқыту әдісі арқылы мамандықтарды игеретіндіктен, осынау оқу форматы профессор-оқытушылар құрамына айтарлықтай қиындық туғызбады. Ауру ошағы елімізде біліне бастаған сәттен бастап алдын-алу жұмыстары жүргізілді. 13 наурыздан бастап университет қабырғасында өтетін барлық кең көлемді іс-шаралар тоқтатылды. Оқу үдерісінде университет оқытушылары «Platonus» ААЖ және «Zoom» платформасын қолданады. «Platonus»-та студентке қажетті барлық мәліметтер, сабақ жоспары, қосымша тапсырмалар, пайдаланылатын әдебиеттер тізімі мен үй тапсырмалары нақты көрсетілген. Сонымен қатар, өзге де мәселелер бойынша мағлұматтарды университет сайтынан және байланыс телефондары арқылы толығырақ алуға мүмкіндік бар. Яғни, осыған дейінгі тәжірибені және заманға сай технологиялардың мүмкіндігін ескерсек, онлайн оқудың да біз үшін артықшылықтары жоқ емес.

Бүгінде карантин жағдайына байланысты университеттің барлық корпустары жабық. Оқытушылардың өздеріне де кіріп-шығу шектелді. Тек арнайы бекітілген мамандар ғана жұмыс істеуде. Осыған сай пән оқытушылары сабақтарын үйде отырып өткізіп жатыр. Арнайы қажеттілік болмаса оларға университетке келу міндеттелмеді.

***– Дұрыс-ақ. Ал, байланыс аясынан тыс, ғаламтор желісімен жабдықталмаған алыс өңірлердегі студенттердің жайы қалай шешілуде?***

– Онлайн оқыту мәселесі алғаш қаралған сәттен бастап, ең алдымен, білім алушылардың қашықтан білім алу мүмкіншіліктері қарастырылып, сараптама жасалды. Соның нәтижесінде 4-курстың бір студентінің байланыс мүмкіндігі мүлде жоқ екендігін және 27 басқа курс студенттерінде байланыс желісінің әлсіздігін анықтадық. Бұл мәселелерге сәйкес студенттер тұратын аудандардағы білім бөлімдерімен, жергілікті жер әкімдіктерімен байланыс орнатылып, жастардың білім алуына



қолайлы жағдай жасау мүмкіндіктері қарастырылды

***– Білім алушылардың қашықтан оқу барысы қалай бақылануда?***

– Жоғарыда атап өткен бағдарламалар арқылы әр пән оқытушысы жүйеге кіріп, сабақ кестесіне сай сабағын өткізеді, үй тапсырмаларын сұрайды, студенттермен жекеше түрде де жұмыстар жүргізеді. Әрбір студенттің сабаққа қатысуы қатаң бақыланады. Белгіленген уақытта жүйеге кіріп, онлайн отырмаған студент «Жоқ» деп белгіленеді. Білім алушылардың сабаққа қатысуы гуманитарлық-педагогтік және тау-кен-техникалық институтының директорларының бақылауында. Институт директорлары күн сайын сабақ қорытындысы бойынша есеп береді. Содан сон барлық мағлұматтарды жинақтап білім және ғылым министрлігіне беріп отырамыз. Бұл әрекет күн сайын жүзеге асып отырады. Содан соң министрліктің ААЖ-ге кіріп, университеттегі кез келген топ пен топ студенттерін сырттай бақылай алатын құзіреттілігі бар.

Қашықтан оқытуды университет студенттері жылдам меңгеріп кетті. Көктем келісімен 4-курс студенттері мемлекеттік емтихан тапсырады. Биыл бітіруші түлектер емтихандарды онлайн түрде тапсыруы да мүмкін. Бұл мәселе әлі де талқылануда. Оқу процесінен бөлек студенттердің тәрбие жұмыстары да онлайн түрде ұйымдастырылуда. Университет оқытушылары олардың уақыттарын тиімді пайдалана алулары үшін барынша жағдай жасауда.

***– Сұхбатыңызға рақмет. Ісіңізге сәттілік тілеймін.***

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

**Қазақстанда енгізілген төтенше жағдайдың екінші аптасы биліктің коронавирустың таралуына қарсы күрес стратегиясының тиімді болғанын көрсетіп отыр.**

# *Ерлан ҚАРИН:* ПРЕЗИДЕНТ ІНДЕТ ҚАУПІН ЕРТЕ БОЛЖАДЫ



Оның ерекшелігі мынада:

**Біріншіден.** Жағдайдың алдын алуға әрекет ету. Кейбір сарапшылар мемлекеттің қабылдаған шараларының есебін наурыздың ортасынан бастап қате жүргізіп келеді. Ол кезде мектептер мен жоғарғы оқу орындарында сабақтар тоқтатылатыны және елде төтенше жағдай енгізілетіні жарияланған болатын. Шын мәнінде, алғашқы түбегейлі шаралар одан да ерте, қаңтарда, яғни, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы COVID-19 жағдайын пандемия деп жарияламай тұрғанға дейін біраз уақыт бұрын қабылданды. 26 қаңтарда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке коронавирустың Қазақстан аумағына таралуына жол бермеу жөнінде нақты ұйымдастыру шараларын қабылдауды тапсырды.

Сол күні Үкіметтің ведомствоаралық комиссиясы құры-лып, мынадай шаралар қабыл-данды:

– Эпидемиологиялық ахуал нашарлаған жағдайда халыққа қажетті көмек көрсететін медициналық ұйымдардың дайындығын қамтамасыз ету;

– Мемлекеттік шекарадан өткізу бекеттерінде, оның ішінде әуе, автокөлік және темір жол көлігі нысандарында санитарлық-эпидемиологиялық бақылауды күшейту;

– Шет елдерден келген барлық адамдарға тұрғылықты мекенжайы бойынша медициналық бақылау орнату;

– ҚХР-дың Ухань қаласындағы Қазақстан студенттері мен ҚР басқа да азаматтарын шұғыл эвакуациялауды қамтамасыз ету тапсырылған болатын.

Сонымен бірге, екі қаланың – Нұр-Сұлтан мен Алматының инфекциялық ауруханаларында қосымша реанимациялық бокстар құрылды.

Дәл осы кезде, 27-30 қаңтар аралығында Ұлыбритянияда, Германия мен Италияда алғаш рет коронавирусты жұқтырғандар анықталды.

**Екіншіден.** Кезең-кезеңмен әрекет етуге шешім қабылданды. Жоғарыда атап өткендей, алғашқы шаралар 26 қаңтарда қабылданды. 31 қаңтарда санитарлық-эпидемиологиялық бақылауды күшейтудің екінші кезеңі басталды:

– Барлық шекаралардағы санитарлық-карантиндік пункттерге қосымша 150 санэпидемиологиялық қызмет маманы жіберілді;

– Жаңа инфекцияның зертханалық диагностикасы реттелді;

– Клиникалық емдеу хаттамасы және эпидемияға қарсы іс-шаралар алгоритмдері бекітілді.

Ақпанның алғашқы күндері біздің азаматтарымыз Қытайдың Ухань қаласынан эвакуацияланды. Қытаймен тұрақты әуе рейстері, сонымен бірге темір жол мен автомобиль жолаушы тасымалы тоқтатылды.

20 ақпаннан бастап билік инфекцияның әкелінуі мен таралуының алдын алу бойынша күшейту шараларының үшінші кезеңін іске асыруға көшті. Коронавирус инфекциясының таралу қаупінің деңгейіне байланысты елдерді үш санатқа саралау бойынша әдістеме әзірленіп, енгізілді. Қауіп деңгейіне байланысты, коронавирус инфекциясы таралған елдерден келген адамдарға тиісті медициналық мониторинг орнатылды. Сонымен қатар, осы елдердегі жағдайларға байланысты әуе рейстері қысқарылып, одан кейін мүлде тоқтатылды.

1 наурызда санитарлық-эпидемиологиялық бақылауды күшейтудің төртінші сатысы енгізілді. «Карантиндік» елдердің тізімі кеңейтілді: ол жақтан келген адамдарға мониторингтік және карантиндік шаралар қабылданды.

Үкіметтің 2 наурыздағы отырысында Қазақстан территориясында коронавирустың таралуына жол бермеуге бағытталған қосымша шаралар қарастырылды. ҚР-да коронавирустық инфекция анықталып, таралған кездегі іс-қимылдың жаңа Алгоритмі әзірленді («Б жоспары»).

Ақпанның соңында және наурыздың басында Әзірбайжан, Беларусь пен Арменияда алғаш рет коронавирусты жұқтырғандар анықталды.

**Үшіншіден** биліктің стратегиясы шұғыл әрекет етуге және табандылыққа негізделді. Сол кезде Қазақстанның территориясында COVID-19-дыжұқтыруоқиғасытіркелмегеніне қарамастан, билік өте табанды әрекет етті.

Оңтүстік-Шығыс Азиядағы, Таяу Шығыс пен Еуропадағы бірқатар елдердегі эпидемиологиялық жағдайдың кенеттен нашарлауы ескерілген болатын. 2 наурызда ҚР Президенті елдегі бірқатар қоғамдық іс-шараларға тиым салды.

11 наурызда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы коронавирус пандемиясы деп жариялады.

12 наурызда Қазақстан Президенті бірқатар мемлекеттік орган басшыларымен кеңес өткізіп, Үкіметке жаңа вирустың елімізге таралуына жол бермеу шараларын күшейту жөнінде нақты тапсырма берді. Атап айтқанда, жаппай мәдени және спорттық шаралар, конференциялар мен көрмелер өткізуге уақытша тыйым салынады. Халық көп шоғырланатын жерлерде, сауда орталықтары мен базарларда, қоғамдық тамақтану орындарында, вокзалдар мен әуежайларда санитарлық режим күшейтілді. Мектептерде сабақ тоқтатылып, жоғары оқу орындары қашықтан оқыту әдісіне көшіріледі. Халықаралық әуе тасымалына қатысты да қосымша шектеу шаралары қабылданады.

13 наурызда елде алғаш рет коронавирусты жұқтырғандар анықталды. Сол күні Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің және бірқатар мемлекеттік органның басшылары қатысуымен шұғыл әрекет ету Штабының отырысын өткізіп, карантиндік тәртіпті күшейтуге бағытталған жаңа іс-шараларды жариялады. 15 наурызда Президент республикада төтенше жағдайды енгізу туралы Жарлыққа қол қойды. Келесі күні Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына телевизиялық үндеу жолдады.

Төтенше жағдай тәртібі 13 наурызда АҚШ-та, Испания мен Сербияда – 15 наурызда, 24 наурызда Францияда енгізілді. 25 наурызда Үндістанда үш аптаға созылған жалпыұлттық карантин енгізілді. 24 наурызда Халықаралық Олимпиада комитеті Токиодағы жазғы Олимпиада ойындары 2021 жылға ауыстырылатынын мәлімдеді.

Осылайша, қазақстандық билік қажетті шараларды тым ерте де, кеш те емес енгізді. Қабылданған шешімдер және оларды жүзеге асыру әлемдегі және елдегі жағдайға сәйкес кезең-кезеңмен жүрді. Осының арқасында коронавирустың Қазақстанға еніп, оның ел ішінде таралу ауқымы барынша тежелді. Бірақ күрес жалғасуда. Әлемдегі қазіргі жағдай пандемияның ұзаққа созылуы мүмкін екенін көрсетуде. Енді көп нәрсе тек қана мемлекеттің тез әрі табанды әрекеттеріне ғана емес, сонымен бірге қоғамның да жауапкершілігіне байланысты. Қытай эпидемияның ауыр кезеңін мемлекет жоғарғы ұйымдастыру рөлінің арқасында еңсере алды. Вирустың Жапония мен Сингапурдағы ауқымды таралуын ол елдердегі азаматтардың саналы әрекеттері тежеуде. Қазақстан болса, коронавируспен күресте осы қажетті екі шарттың бірлігін көрсете алады.

# КӘРІ ҚҰРЛЫҚТАҒЫ COVID-19 ОШАҒЫ

## *Италия қалай дүрлікті?*

**Қытайдың Ухань қаласынан басталған коронавирус «шеруі» бүгінде бүкіл әлемді шарпыды. COVID-19 атауын иеленген бұл індет ошағы бүгінде Америка мен Еуропаға түбегейлі қоныс аударды десе де болады.**



Жексенбі күні Қытай халық республикасы денсаулық сақтау жөніндегі мемлекеттік комитетінің ресми өкілі Ми Фэн ел аумағында қауіпті вирустың таралуы тоқтағанын ресми мәлімдеді.

«28 наурыздағы жағдай бойынша тіркелген коронавирус инфекциясын жұқтыру оқиғаларының саны үш мың адамнан төмен болды. Жалпы алғанда эпидемияның Қытай аумағында таралуы тоқтады» деді ол. Оның айтуынша Қытайдағы ендігі күрес вирусты сырттан әкелуге байланысты болмақ. Өйткені, сырт елдерден келушілер арасында бұл індетті жұқтыру жиі қылаң беріп отыр. Мәселен, өткен сенбіде 42 елден келген 693 адамнан коронавирус инфекциясы анықталыпты.

Ал, қазір АҚШ осы індет ең көп тараған елге айналды. 30 наурызда мұнда аталған вирусты 142 356 адам жұқтырғаны хабарланды. Еуропаға келсек, Ұлыбритания ханзадасы мен премьер-министрі коронавирус жұқтырғанын әлемдік БАҚ жарыса жазып жатыр. Covid-19 жұқтырғандар саны 62 мың адамнан асатын Германияда да жағдай мәз емес. Эпидемиялық ахуалдан бөлек мұнда экономикалық қиындықтар да қылаң беруде. Еуропа елдері ішінде Италиядағы жағдай тым күрделі болып отыр. Өте қысқа мерзім ішінде мұнда ауырғандардың да, қауіпті дерттен көз жұмғандардың да саны күрт артып отыр. Дүйсенбі күні бұл елде коронавируске шалдыққандар саны 97 мыңнан, науқастан көз жұмғандар 10 мыңнан асып кетті.

Сонымен Италия қалай ірі індет ошағына айналды? Мұнда неге көп адам өліп жатыр? Итальяндықтар қай жерден мүлт кетті? Осы сұрақтар төңірегінде әлемдік БАҚ материалдарына шолу жасап көрдік.

Италияны мысалға алуымыз бекер емес. Елдің Ломбардия провинциясында өткен аптаның басында вирус жұқтырғандар саны 2000 адам болса, апта соңына таман олардың саны 32 мыңнан асып кетті. Кейін вирус жұқтырғандар санының өсуі ресми статистикада төмендегенімен, шынайы жағдай күрделі болып отырғанын айтады Италияның жалпы тәжірибе дәрігерлері федерациясының баспасөз хатшысы Паола Педрини.

«Инфекция жұқтырғандардың елеулі бөлігі тестілеуден тыс қалғандықтан статистикаға енбейді. Егер біз алғашқы апталарда инфекция жұқтырғандар санының нақты көрсеткішін ресми деректерден бес есе жоғары есептесек, қазір бұл алшақтық 10 еседен артып кеткені сөзсіз», – дейді ол.

Егер Италияда жалпы науқастардың 75 пайызына Covid-19 диагнозы қойылғанын ескерсек, Педрини болжамына сай мұнда қауіпті вирус жұқтырғандар саны жалпы әлемдік көрсеткіштен асып түсіп, миллионға жеткен болуы да мүмкін.

Қатерлі вирус Италияда неге осынша қарқын алды? Бұған бүгінгі таңда нақты жауап айтылмады. Бір бірін толықтыратын бірнеше нұсқа талқылануда.

Италияда Covid-19 жұқтырды деген диагноз алғаш 20 ақпанда Ломбардияның Кодоньо қаласында қойылыпты. Ол уақытта әлем бойынша коронавирус жұқтырғандар саны 70 мың адам шамасында және олардың 70 пайызы Қытай аумағында тіркелген еді. Бір айдан кейін Италияда коронавирус шеңгеліне іліккендер саны 50 мың адамға жетіп, 4 мыңнан астам науқас көз жұмды.

Жағдайдың бұлай өрбуін итальян ғалымдары вирус жұқтырғандардың дер кезінде және толық анықталмауымен түсіндіреді. Олардың пайымдауынша, әрбір анықталмаған вирус тасымалдаушы осы уақыт ішінде кемінде үш адамға вирус жұқтырған.

Осы ретте тексеруден өткендердің орташа жасы тексерілгендердің ең кішісі 1 жасар нәресте болса, ең үлкені 101 жастағы әйел екеніне қарамастан 69 жасты құрағанын қаперде ұстау керек. Науқастардың жартысына жуығы ауруханаға жатқызылып, әрбір бесінші науқас жансақтау бөліміне ауыстырылған.

Эпидемиялық ахуалды зерттеушілер індеттің күрт өршу мерзімін дәл болжап айтпағанымен, 20 ақпаннан ерте басталған деген тоқтамға келіп отыр.

Филадельфия университетінің профессоры Энрико Буччи инфекцияның таралуының біршама нақты хронологиясын ұсынды. Оның сөзінше, SARS-CoV-2 Италияға былтыр желтоқсанның ортасына дейін жеткен. Буччи бұл аргументін алғашқы диагноз қойылғаннан кейін бір аптадан соң жариялады. Профессор өз зерттеуінде желтоқсанның соңғы аптасында Кодоньодан бірнеше шақырым жердегі Пьяченца қаласының ауруханасында бір уақытта өкпесі қабынған қырықтан астам науқас ем алғанына назар аудартады. Ақпанның аяғында пневмониядан емделіп шыққан пациенттерден жаңа коронавирусқа антидененің анықталуы да профессордың күдігін растай түсті. Ол бұл адамдар Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жаңа вирусқа атау бергенге дейін-ақ Covid-19 вирусымен ауырып шыққан деген қорытындыға келді. Яғни, эпидемия Италияда ресми жарияланғанға дейін ол екі айдан астам уақыт білінбей тарай берген.

Италияға коронавирус нақты қашан барғанын қазір дөп басып айту қиын. Алайда, генетикалық талдаулар оның шынымен Қытайдан жеткенін көрсетті.

Еуропаның басқа елдеріне де вирус былтыр желтоқсанның басы немесе ортасында барды деп шешім шығару қиын. Бірақ Италияда оның мықтап орныққаны сөзсіз. Соңғы жылдары бұл елде маусымдық тұмаудан қайтыс болу, әсіресе егде жастағы кісілер (65+) арасында, орташа еуропалық көрсеткіштен жобамен екі есе асып түсіп жүрді.

Былтыр қараша айында итальяндық дәрігерлер 2013-2017 жылдар аралығында тұмау эпидемиясы қалыптасқан «нормадан» артық 70 мың адамның өмірін жалмағанын есептеп шығарды. 2016-2017 жылдары Италияда тұмаудан көз жұму деңгейі 100 мың адамға шаққанда 40 адамнан асқан. Салыстырар болсақ, әлем бойынша сүт безі немесе қуық асты безі қатерлі ісігінен қайтыс болудың орташа деңгейі 100 мың адамнан 10 адам болса, безгекте бұл көрсеткіш 20, туберкулезде 25, АИТВ/ЖИТС-те 44 адамды құрайды.

Бұл көрсеткіштерді бірнеше себеппен түсіндіруге болады. Бірінші себеп – халықтың орташа жасы.

«Өлім-жітімнің жоғары көрсеткішін Италияда тұратын қарт кісілер мен науқастар санын ескерсек, күтпеген жағдай деуге келмейді» деп жазады зерттеушілер.

Өйткені, Германияда науқастардың орта жасы 45 жас болса, Италияда 63 жасты құрайды.

Екінші себеп ретінде Италияда антибиотиктердің көп қолданылуы аталады. Бұл препараттар вирустарға қарсы тұра алмайды, бірақ, ауыр науқастардың жағдайын күрделендіріп жіберетін резистентті инфекциялардың пайда болуына жол ашады. Статистикаға сенсек, итальяндықтар Еуроодақтың басқа елдері тұрғындарынан антибиотикті бір жарым есе көп пайдаланады екен.

Яғни, коронавирус Италияда осындай өте қолайлы ортаға тап келді. Ал, эпидемияның кең тарауын көптеген сарапшылар Миланда 19 ақпанда өткен футбол матчымен байланыстырады. Ойынды тамашалауға 50 мыңға жуық адам сырттан келген көрінеді. Келесі күні коронавирус жұқтырған алғашқы науқас анықталды.

**PS.** ***Көріп отырғанымыздай, коронавирус алдында мемлекеттік тәжірибесі зор, қоғамдық-саяси институттары жетілген, экономикасы мен технологиясы дамыған әлемнің озық елдері де қауқарсыздық танытты. Алыс-беріс, барыс-келіске ашық алпауыттардың өзі қысқа мерзім ішінде өкпесі қабынып, өлім алдындағы күйге жетті. Қатердің күшеюіне «лидерлік бейқамдық» та әсер етпей қоймағаны анық. Бұл қауіп біздің елді де айналып өтпеді. Коронавирус жұқтырған алғашқы науқастар анықталғалы бері де жиырма күндей өтті. Осы уақыт ішінде Мемлекет басшысы ел аумағында Төтенше жағдай жариялап, сақтық шараларын қолға алды. Алғаш болып Елордамыз бен Алматыда карантин енгізілді. Шығыс пен Батыстағы жағдайды жіті бақылап, жан-жақты саралай келе қабылданған Қасым-Жомарт Кемелұлының бұл шешімін дұрыс деп отырғандардың қарасы көп. Жиын-тойдың доғарылып, жүріс-тұрыстың шектелгені кімге ұнай қойсын, түрлі қауесет таратып, сақтық шарасынан қисынсыз астар іздеп жатқандар да жоқ емес. Бастысы бейқамдыққа салынып, бармақ тістегеннен ерте қамданып, етек-жеңімізді жиып алдық. Бұдан ұтпасақ та, ұтылмайтынымыз анық.***

**Дархан МҰХАН**

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

# КАРАНТИН ҚҰРСАУЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ

## *облыс әкімі толғандырған сұрақтарға жауап берді*

***– «АрселорМиттал Теміртаудың» мердігерлік ұйымдары бойынша айтып берсеңіз.***

— Жалпы әлемдік экономикалық жағдай. Біздің негізгі экспорттық өнімдерімізге, оның ішінде АМТ өндіретін металдарға баға төмендеді. Сұраныс пен құнның төмендеуі өндіріс көлеміне әсер етеді. Қазір компания өндірісті қолдауға, жалақыға және басқа да төлемдерді өтеу үшін негізгі капиталға салуды жоспарлаған ақшаны бағыттайтын болады.

***– Тұрақтандыру қоры мен баға бойынша жағдайды түсіндірсеңіз.***

– Кейбір шағын сату нүктелері бағаны негізсіз көтере бастады. Мұны қатаң қадағалаймыз. Қант пен қарақұмықтың бағасы өндірушілер тарапынан өсірілді. Бағаны ұстап тұру үшін тұрақтандыру қорынан интервенциялар жүргіземіз. Мұндай жұмысты барлық әлеуметтік маңызы бар тауарлар бойынша жүргізетін боламыз. Ондай тауарлардын саны – 19.

***– Карантинге алынған көпқабатты үйдің кіреберісіне құлып салу қаншалықты заңды?***

– Сол кезде бірнеше тұрғын үйлерінен шығып, карантин режимін бұзғысы келген. Аудан әкімдігі мен ПИК басшылығы бұлай істемеуі керек еді. Оларға құлыпты алып тастау туралы тиісті тапсырма берілді. Болашақта бұл қайталанбайды.

Онда полиция қызметкерлері кезекшілік етеді. Тұрғындар тәулігіне екі рет медициналық бақылаудан өтеді. Барлық талаптар мен ережелер орындалады.

Сөз соңында аймақ басшысы облыс тұрғындарына үндеу жолдады.

– Тыныштықты сақтауды және белгіленген карантин режимін сақтауды сұраймын. Үйреншікті және қалыпты өмірімізге қайта оралуымыз осы ережелерді қатаң ұстануымызға байланысты болмақ. Жауапты мемлекеттік органдар жағдайды бақылауда ұстайды, қажетті шаралар жедел түрде қабылдануда, — деді Жеңіс Махмұдұлы.

**«Saryarqa-ақпарат»**

## САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ!

# ОҚШАУЛАНУ МАҢЫЗДЫ

**COVID-19 атауымен белгілі коронавирустың осынау таяқшалары ауру адам түшкірген сәтте екі метр қашықтыққа дейін шашырап таралады екен. Жаманы, ол таралған сәтінен бастап 2-14 күн аралығында өмір сүреді. Ал, енді бұның зардабын өзіңіз де бағамдай беріңіз. Ауаға тарап, жол-жердегі барлық денелерге жабысып тұратын вирус адам ағзасына мұрын жолы арқылы өтіп, өкпені ірітіп жіберерлік қасиетке ие.**

Дәрігерлердің «қолдарыңды жуыңдар» деп дабыл қағып жатқаны да осыдан. Өйткені, сіз коронавирусты өзіңізде күтпеген жерден жұқтырып алуыңыз мүмкін. Ол лифт батырмасында, есік тұтқасында, ұялы телефон экранында, сөмке сырғытпасында, компьютер пернетақтасында, дүкен, супермаркет сөрелерінде, қоғамдық көліктерде, парктегі орындықтарда да болуы әбден ықтимал. Бүгінде қазақ халқының «Сақтансаң, сақтайды» деген мақалы бүкіл әлем жұртының негізгі ұраны іспетті. Себебі, ғалымдардың осынау жұқпалы дерттен құтылудың бірден-бір жолы – карантин уақытында көпшілік ортадан тасалану дейді. Қысқасы, үйден шықпай отырсаңыз болғаны.

Ғаламтор желісінде бүгінде аса қауіпті дерт ошағы саналатын Испанияда бір жігіт үй карантинінде беймаза анасынан мезі болып, өз еркімен полиция қамауына алынғаны туралы мәлімет кеңінен таралуда. Бұндай жағдайда не жыларымызды, не күлерімізді білмей қалғандаймыз. Қалаған уақытында жүріп-тұрып, еркін қимыл-қозғалысқа үйреніп қалған жандар үшін карантин үй қамағы іспетті сезілері анық. Аяқ-астынан үйде отырып қалу еңбек адамы үшін психологиялық соққы тудыратыны түсінікті. Үйге қымталып оқшауланған заманда ерлі-зайыптылар арасындағы жанжалда артады екен. Десек те, бүкіл елдің болашағы, барша халықтың тағдыры үшін өзімшілдіктен бас тарта тұрып, мәселеге шынайы түрде ақылмен көз жүгірткен жөн-ақ. Бауыржан Момышұлы айтқандай, тәртіпсіз ел болмасы, тәртіпке бағынған құл болмасы ақиқат. Карантин жарияланып, сақтық



шаралары күшейтілсе де бір орнында тыпыршып отыра алмай жатқан жандар өте көп. Оларға арнап арнайы заң тәртібі де қатаңдатылды. Сонда да, көшені аралап, «көгалды кезіп гөлайттап» жүргендер саны азаяр емес.

«Мен карантинде үйде отыра алмаймын» деуіңіз мүмкін. Үйренесіз. Отыруыңызға тура келеді. Дәл қазіргі сәтте вирусты құртатын бұдан артық амал болмай отыр. Қалайша дерсіз? Оның себебі мынада. Аты әлемге белгілі Калифорния университетінің ғалымдарының зерттеуіне сәйкес, коронавирусты бір адам жұқтырып, ол жерде адамдардың барлығы жайбарақат жүре беретін болса, ол адам 5 күн ішінде 2,5 адамды ауру етеді. Осылайша ол жұқтырған адамдар басқаларға жұқтырып, 30 күн ішінде 406 адам сырқаттанады.

Ал, енді бұл жердегі халықтың 50 %-ы аурудан сақтанып, үйден шықпай отырды делік. Ондай жағдайда алғашқы жұқтырған адамның 5 күн ішінде 1,25 адамға жұқтыру ықтималдығы туындап, соның нәтижесінде 30 күн ішінде 15 адамға ғана коронавирус жұғады.

Ал, ауру ошағындағы халықтың 75 %-ы оқшауланатын болса, 5 күн ішінде аурудың өзге адамға тарау ықтималдығы 0,625-ке түседі. Бұл – 1 адамға да жұқпауы мүмкін деген сөз. Осылайша 30 күн ішінде 2,5 адам?? ғана қауіпті індеттің тырнағына ілінуі мүмкін. Байқаған боларсыз, адамдар оқшауланған сайын вирусты жұқтырушылар саны да азаяды. Сөз басында атап өткеніміздей, коронавирустың бұл түрі 2 мен 14 күн аралығында өмір сүреді. Сіз вирус тараған сәттен бастап оқшауланатын болсаңыз, вирус кезекті құрбанына жете алмай, 14 күн ішінде құрғап жоқ болып кетеді.

Қазіргі таңда «Сабыр түбі – сары алтын, сабырлының бәрі алтын» екендігін реалисті тұрғыдан ұғынып, шамалы ғана шыдамдылық танытқанымыз абзал. Жақсы күндерден үміт үзбейміз, әрине. Десек те, бірдің кесірі мыңның обалына қалдырып жүрмесе екен дейміз. Осы тұста әрбір азаматты өз жақындары мен жерлестері алдындағы жауапкершілікті ұғынып, қатаң сақтануға шақырамыз.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

(Жалғасы. Басы газеттің өткен нөмірлерінде)

# ҚАҺАРМАНДАР



*Федор Антонович БЕЛОВ*



Федор Антонович Белов 1910 жылы Орынбор облысындағы Сакмар ауданының Белов хуторында шаруа семьясында туған.

Федор Белов 1931 жылы Қарағанды облысындағы Осакаровка станциясына келіп, Қарағанды-Балқаш темір жол құрылысына жұмысқа орналасып, жол бақылаушы, бригадир болып істеді. 1942 жылы ол Армия қатарына шақырылды.

Бронебойшы Беловтың жауынгерлік жолы Волховтан басталды. 1944 жылы ол Карель мойнағындағы фин бекінісіне шабуыл жасаған 382-ші атқыштар дивизиясының құрамында болды.

Выборг қаласы үшін болған ұрыста Беловтың бронебойшылар бөлімшесі шабуылшылдар тобына енді. Выборгте болған ұрыс үшін ол «Ерлігі үшін» медалімен наградталды. Мұнда ол бірінші рет жараланды.

Федор Антонович сауыққаннан кейін майданға қайта оралып басқа бөлімге – 120-Гатчин дивизиясының 289-атқыштар полкіне қосылды. Дивизия Нарва плацдармында қатты ұрыс жүргізіп жатты. Қайтадан бөлімше командирі болған Белов танк бұзатын мылтықты шебер пайдалана отырып жаяу әскерлердің алға ойдағыдай жылжуын қамтамасыз етті. Бұл үшін оған үшінші дәрежелі Даңқ ордені берілді.

120-Гатчин дивизиясы 1945 жылдың январь айының аяқ кезінде Одер бағытында кескілескен ұрыс жүргізілді. Фашистік командование плацдармды жоюға жанталаса күш салды. Ержүрек совет жауынгерлері немістердің күніне жеті-сегіз мәрте жасаған шабуылын тойтарып отырды.

Гитлершілер 1945 жылдың 27 январында Одерфельд деревнясының маңында төрт ауыр танктің қолдауына сүйенген полкқа жуық жаяу әскер күшімен біздің бағытымызға лап қойды. Құрамында Беловтың танк бұзатын мылтықшылар взводы жаяу әскерлердің легінде болды. Взвод командирі танктерді жақындата түсуге бұйрық берді. Екі жүз метрдей қалғанда аға сержант Белов бірінші атып бірнеше оқпен бас танкті істен шығарды. Болат сауытты басқа екі аждаһа маневр жасай отырып, нөсерлете оқ жаудырды. Бірақ нысанашы Павлов үшінші танкті қиратқанда соңғы танк қашып тоғайға тығылды. Көңіл бір көтеріліп қалды. Танк қиратушылар жаяу әскерлерге көмектесу үшін қолдарына винтовка мен автоматтар алды. Бірлескен күш жаудың шабуылын тойтарды. Бірнеше күннен кейін дивизия командирі генерал-майор Говоров аға сержант Беловқа екінші дәрежелі Даңқ орденін тапсырды.

Александр Невский ордені 289-Нарва атқыштар полкі 1945 жылдың 24 наурызында Нейсе қаласына жетті. Немістер қайткен күнде де Кеңес жауынгерлерінің екпіндеген тегеурінін тоқтату үшін самоходкалардың қолдауына сүйене отырып, қарсы шабуылға шықты. Аға сержант Белов өз секторындағы самоходкаларды жіті бақылай тұрып олар бүйірімен бұрыла оқ жаудырды. Бір самоходка тоқтап, 180 градус бұрылып түсті. Федор Антонович самохордканың шынжыр табанының үзілгенін біліп қайта атып оны, өртеп жіберді. Гитлершілердің шабуылы тойтарылды.

Федор Белов Оппельн қаласының оңтүстік батысындағы қорғанысты бұзып, жаудың әскерін талқандауда Нейштадт, Шпейнау, Фалькенберг және басқа қалалар үшін болған ұрыстарда ерлік көрсетті.

Соғыстың аяқталар кезінде жауынгерлік тапсырмаларды үлгілі орындап, жеке ерлік көрсеткені үшін Федор Антонович Белов КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылғы 27 маусымдағы Жарлығы бойынша үшінші дәрежелі Даңқ орденімен марапатталды.

Бірақ Ф.Белов болған бөлім соғыс аяқталысымен таратылып, бронебойшылар туған жерлеріне оралған еді. Сондықтан ол наградасын алған жоқ. Бұл туралы ол білмеген де еді.

Алтын орден ержүрек жауынгерге Кеңес Қарулы Күштерінің 51 жылдығына арналған салтанатты жиналыста табыс етілді.

*Николай Павлович КАЛМЫКОВ*

Николай Павлович Калмыков 1920 жылы Горький облысындағы Хмельницкий ауданының Скородумово деревнясында туды. 1940 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылды. Ол Ұлы Отан соғысын Мәскеу түбінде бастап, Берлинде аяқтады.

Н.П.Калмыков Қиыр Шығыста артиллерист болып қызмет атқарды. Майданға 1941 жылы қарашада келіп, Серпухов маңында Ұлы Отанымыздың астанасын қорғады.

Қырық бес миллиметрлік зеңбіректер взводы Днепрден өткенде алдыңғы қатардағы отряд құрамында болды. Плацдарм үшін ұрыстың алғашқы сағаттарында бір зеңбірекпен қалды. Оны нысанашы Николай Калмыков шебер пайдаланып, біздің жаяу әскерлерге жақсы көмектесті. Жаудың екінші рет қарсы жасаған шабуылы кезінде взвод пен бөлімше командирлері жараланды. Командирлікті сержант Калмыков өзіне алды.



Белоруссия операциясы кезінде Кеңес әскері алға жедел жылжыды. Бұл ұрыста аға сержант Н.П.Калмыков өзін ерекше көрсетті. Подречье деревнясы жанындағы бір ғана ұрыста ол өзінің зеңбірегімен отызға жуық гитлершілдерді, қару-жарақ тиеген автомашинаны жойып жіберді. Бірнеше күннен кейін Николай тағы да айрықша көзге түсті. Оның пушкасы Свилочь елді мекеніндегі қоршаудағы группировканы жоюға ұмтылған біздің жауынгерлердің өзеннен өтуін қамтамасыз етті. Зеңбірек расчеты соңғы снаряды қалғанша жаудың барлық шабуылын табандылықпен тойтарып отырды. Зеңбірек командирі жараланса да соғыса берді. Артиллеристердің алдыңғы жағында фашистердің қырыққа жуық жауынгері жайрап жатты.

Бұл ұрыста көрсеткен ерлігі мен табандылығы үшін коммунист Н.П.Калмыков үшінші дәрежелі Даңқ орденімен марапатталды. Оған екінші дәрежелі Даңқ ордені Берлин операциясында Одер өзенінен өтудің қамтамасыз еткені, танкілерімізді қолдағаны және Кеңес әскерінің шабуылына кедергі келтірген жаудың атыс ошақтарын жойғаны үшін берілді. Калмыков бастаған зеңбірек расчеты жойқын ұрыста да болды. Жау қоршаудан шығуға жанталасып жекпе-жек ұрысқа келгенде зеңбірек командирі бес фашисті жайратып, ержүректік пен батырлықтың үлгісін көрсетті. Ол жараланса да ұрыс алаңынан кетпеді.

1945 жылы 16 сәуірде Кеңес Әскерінің бөлімдері Берлинге шабуылға шықты. Гольцов қаласы бағытындағы Одер плацдармы үшін болған бір ұрыста Калмыковтың расчеты жаудың екі дзотын қиратып, үш пулеметті және онға жуық гитлершілді жойып жіберді. Берлинге барар жол ашылды. Бұл ерлігі және Бобруйск қаласы түбіндегі қоршаудағы жау әскері талқандалған Березин өзенінің плацдармын ұстап тұрғаны үшін коммунист Н.П.Калмыков бірінші дәрежелі Даңқ орденімен наградталды.

*Серікбай Ерсейітұлы АСАТОВ*

Ұлытаудың биігінен кең әлемге қанат қаққан, қазақтан шыққан тұңғыш әскери ұшқыштардың бірі – Серікбай Асатов. Кешегі ел басына күн туып, ер етікпен су кешкен сұрапыл соғыс жылдарында жауға аспаннан қырғидай тиіп, қырандай шүйліккен есіл ер Серікбай Асатовтың өмірі тым қысқа болды. Бірақ, ол өзінің сол келте ғұмырында соңына өшпес із, ерен ерліктің үлгісін қалдырды.

Серікбай Асатов 1912 жылы Кішітаудың баурайындағы шағын ауыл – Сарлықта дүниеге келген. Ата-анасы қайтыс болған соң, оны туыстары Атбасардағы интернатқа жібереді. 15 жасында Қарсақбайдағы ФЗО-ға оқуға түсіп, онда ол Мұқан Иманжанов, Баубек Бұлқышевпен бірге оқыған. Орыс тілін жақсы меңгеріп алады. 1932 жылы Отан алдындағы борышын өтеу үшін әскер қатарына шақырылып, 1933 жылы комсомолдық жолдамамен әскери ұшқыштар мектебіне оқуға түседі. Осы жерде жүріп тұңғыш әскери ұшқыштар даярлайтын мектепте оқып, әскери ұшқыш болып шығады. Оқуды аяқтаған соң Мәскеудегі Внуково әуежайында ұшқыш болып істейді. Осы әуежайдың кассирі Ирина Акимовамен 1938 жылы отбасын құрады.

Серікбай Асатов Ұлы Отан соғысының алғашқы күндері-ақ дереу әскерге шақырылып, 750-авиация полкінде эскадрилья командирінің орынбасары ретінде талай кескілескен ұрыстарға қатысты. 1940 жылы бомбалаушы авиация полкінің звено командирі ретінде Фин соғысына қатысады. Ал кейін Мурманскіде шоғырландырылған авиация полкінің эскадрилья командирі ретінде Берлинді бомбалауға қатысқан жалғыз қазақ – осы Серікбай Асатов. 1941 жылы Мәскеуде тұңғышы Маргарита



өмірге келеді. Ол әйгілі ИЛ-4 ұшағымен ұшқан. Мәскеу-Смоленск, Орел-Курск бағыттарындағы соғыс операцияларына қатысқан. 1942 жылы Кенигсбергті бомбалап қайтқанында ұшағы өртеніп, атқыштарына парашютпен секіруге бұйрық беріп, өзі ұшағын Балтық жағалауындағы жау кемесінің үстіне әдейі бағыттайды. Москва-Смоленск бағытындағы майданда неміс басқыншыларының шебін 300 шақырымға қуғаны үшін Серікбай 1941 жылдың 11 қыркүйегінде жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Москва-Смоленск бағытындағы соғыс жан беріп, жан алысқан соғыс болды. Кейін, жанталаса шегінген жау тірі жан қалдырмай қырған. Әйелдер мен бала-шағаларды эшалонға тиеп батысқа аттандырған. Жүруге жарамайтын, ауру, аш қарттар мен әйелдерді, балаларды аюандықпен атып тастаған. Асатов талай рет жауынгерлік тапсырмамен ұшып шығып, не бір кескілескен ұрыстарға қатысқан. 1944 жылы ұшағының отқа оранғанына қарамастан, жау эшалонының үстіне құлап, мәңгілікке көз жұмды. Бірақ, жастығын ала жығылып, жаудың талай солдаты мен техникасын жойды.

Елінен ертерек түлеп ұшқан есіл ер кіндік қаны тамған туған жеріне қайтып оралмады. Топырақ жат жерден бұйырды. Халық депутаттары Жезқазған қалалық Кеңесі атқару комитетінің 1990 жылдың 13 қыркүйегіндегі №616/18 шешімімен қаламыздағы Районная көшесіне Серікбай Асатовтың есімі беріледі. Ел мақтаны болған С.Асатовтың ерлігі ел есінде мәңгі сақталмақ.

**Мәліметтер Жезқазған қаласы архивінің 322-қор, 1-тізімдеме, 9,10-сақтау бірліктері, 680-қор, 1-тізімдеме, 13-сақтау бірліктері құжаттарынан дайындалды**

ТАҒЗЫМ

# ҚАЛАМЫ ҚУАТТЫ ҚАЛАҒАҢ ЕДІ

**Ақын, журналист, Жаңаарқа ауданының Құрметті азаматы Қалиакпар Әбілдин көзі тірі болғанда биыл 85 жасқа толатын еді. Пединституттың физика-математика факультетін бітіргенімен ол кісі мұғалім болған жоқ. Бойға біткен талантының арқасында әу бастан қалам құдіретіне қарай ойысқан-тын. Еңбек жолы негізінде газетте қалыптасып, өмір бойы осы салаға адалдық танытып өтті. Қ.Әбілдин журналист ретіндегі қолтаңбасымен кезінде облыстық «Жезқазған туы» газетінде айрықша танылғанын әріптестері жақсы біледі. Ол жаңа облыстың ашылып жатқан басылымына алғашқылардың бірі болып қызметке келді. Он жылға жуық «Жезқазған туының» Жаңаарқа ауданы мен Қаражал-Жәйрем өңірі бойынша меншікті тілшісі болып жемісті еңбек еткен болатын.**



Қалағаң туралы сөз бастарда еске еріксіз арман қуған балаң кезең, қаламға жармасқандар үшін киелі шаңырақ саналатын аудандық «Жаңаарқа» газеті редакциясының табалдырығын тұңғыш аттаған кезең түседі. Мектеп қабырғасында жүргенде бұрқыратып мақала, өлең жазып, оларын газеттерге толассыз жөнелтіп, жарияланып жатса желпініп жүру біздің буындағы әріптестеріміздің көбісінің басынан өткен ортақ жағдай ғой. Сол үрдіспен біз де сегізінші оқып жүргеннен бастап «Жаңаарқа» газеті арқылы біршама «танымал» болып қалған едік. Жазғандарымызды пошта арқылы жібергеніміз болмаса, оныншы оқығанша редакцияға өз аяғымызбен бару жөнінде батылдық жасап, ойлап көрмеппіз. Содан не керек, мектеп бітіретін, 1969 жылдың көктемінде неге екенін білмеймін, бір көлемділеу жазған мақаланы өз қолыммен тапсырмақ ниетпен аудандық газет редакциясының есігін жүрексіне ашқан едім. Бір қабатты жұпынылау ғимараттың шағындау дәлізінде даурығыса сөйлесіп тұрған үш-төрт адамды көргенде не әрі, не бері барарымды білмей, абдырап тұрып қалсам керек. «Шырағым, кімді іздедің, неге келдің?» – деген сауалдарын төпелеген ағаларға жөнімді айтқан едім, шұрқырасып сала берді. «Пәлі, сен біздің өз тілшіміз екенсің ғой, зіңгіттей үлкен жігіт екен деп жүрсек, сен әлі оқушы екенсің ғой» – деп, бірден іштартып әкетті. Кабинеттердің біріне бастап, аз-кем сөйлескен соң өздерін де таныстырып жатыр. Ақырын күліп, әдеппен сөйлейтін аққұба өңді, ашаң кісінің Қалиакпар Әбілдин екенін білдім. Редактордың орынбасары екен. Ол кездегі редактор белгілі қаламгер, марқұм Бұқпа Әшімов болатын.

Осы таныстығымыз одан әрі жалғасты болды. Мектеп бітірісімен мені редакция басшылары үгіттеп, корректорлық жұмысқа шақыра бастады. «Келесі жылы журфакқа жолдамамен барсаң бірден түсесің» – деп үміт отын жаға түсті. Мүйізі қарағайдай қаламгерлердің айтқанын екі ете алмай, бір жылдай корректорлықты атқарып көруге белді бекем бууға тура келді. Қарап отырсаңыз, «Жаңаарқа» газетінің сол кездегі қызметкерлері де ылғи сайдың тасындай іріктелген азаматтар еді. Қалекең орынбасары болса, Марал Хасенов жауапты хатшы, Өміртай Жақыпов, Зейнолла Көшкенов, Қыдырбай Бексейітов бір-бір бөлімнің құлағын ұстаса, Ұзақбай Мұқышев сынды қағылез тілшісі де бұрқыратып жазып жататын. Кейінірек бұлардың қатарына жазушы ағамыз, Асан Жұмаділдин қосылды. Қазір осы жандардың Ұзекеңнен басқалары арамызда жоқ. Ойлап қарасақ, аудандық газеттің сол кездегі ортасы шығармашылықтың нағыз қайнаған қара қазаны сияқты екен. Аптасына үш рет шығатын газеттің қатесін түзету жұмысымен ғана шектелмесін деген ниетпен олар корректор болып жүрген маған да тапсырма беріп, бірде материал жазғысса, енді бірде хат қорытуды жүктейтін. «Корректорлықтан бастаған адамнан келешекте жақсы журналист, әйтпесе редактор шығады»— деп көңілді өсіріп те қоятын. Сол ағалардың ішінде Қалекеңнің қамқорлығы бір төбе болды. Сол уақытта салиқалы, сарабдал көрінетін ол кісі небәрі 34-35 жаста ғана екен ғой. Келесі жылы оқуға баруыма да қолдау білдіріп, редакцияның атынан КазГУ-ге жолдама жазып берді.

Өмір жолында Қалиакпар Көшекұлымен одан кейін де сан мәрте ұшырасып, аралас-құралас болған кездеріміз аз емес. Әріптес інілерінің көбі үлкенге ізетті, кішіге қамқор, биязы мінезді Қалекеңе ерекше ықылас білдіріп тұратын. Көбіміз ол кісіні Қалаға дейтінбіз. Өмірде алқын-жұлқыннан аулақ, сабырлы да сыпайы жан болатын Қалағаң. Түбі көрініп жататын тұп-тұнық үлкен өзендерде бір жылы ағыс болушы еді ғой. Жанды рахатқа бөлейтін, иірімі терең ағыс. Қалағаңмен бірге жүріп, сырлас болған кездері тап сондай бір тамаша әсерге бөленетініміз есте. Тұнық судағы жылы ағыстай мейірім шуағы жан-жаққа сәуле шашып тұратын. Қашанда қарапайым, мінезге бай адам еді. Әзіл-қалжыңға да бейілді. Ондайда бір рахаттанып шиқылдап күлуінің өзі керемет. Ең ғажабы, ол кісі біреудің сыртынан ғайбат айтуды білген емес. Ұжым да басқарды, күрделі ортада да еңбек етті. Сол бірқалыпты, сабырлы қалпынан айныған кезі болған жоқ. Мен Қалағаңның көзі тірісінде 75 жасқа толуына орай «Орталық Қазақстан» газетіне ағамыздың осы қасиеттерін ерекшелеп «Нағыз адам» деген мақала жазған едім. Іштей риза болса керек, бір кезіккенде «ой, батырым, тым биікке көтеріп жіберіпсің-ау» деп жұмсақ жымиып, қолымды алғаны бар.

Қалағаң еңбек жолын Жаңаарқа аудандық комсомол комитетінде мектептер бөлімінің меңгерушісі болып бастаған екен. Алайда шенеунік болуды болмысы да, жүрегі де қаламаса керек. Қарағанды педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітіргенмен, 1958 жылдан бастап журналистік қызметте. «Жезқазған туында» меншікті тілші болып жүргенінде аудандық газеттің редакторлығына ұсынылды. Сөйтіп өзі талай жыл еңбек етіп, шыңдалған «Жаңаарқа» газетінде 1976-1986 жылдары басшы болды. Осы он жылда газет мәртебесі мен мазмұнын көтеру жолында тынымсыз ізденумен қатар редакция қызметкерлерінің қатарына көптеген жас таланттарды тартып, шоғырландыра білді. Бүгінде елге танымал ақын Ғалым Жайлыбай, жазушы Төкен Әлжантегі сияқты көптеген жастар сол кезеңде Қалекеңнің қамқорлығын көріп, «Жаңаарқа» газетінен қанаттанып шықты.

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Таңғы шоу». 10.00 «Дидар». 10.15 «Таңғы шоу». 11.50 Мультфильм. 12.20 «Достар». 13.00 «Дидар». 13.30 «Шындағы шыңар». 13.50 «Қылмыс пен тұрмыс». 14.00 «Перизат Тұрарованың ән кеші». 15.30 Мультфильм. 15.55 «Абайдың қара сөздері». 16.00 «Әке серті». 17.00 «Ән шашу». 17.20 «Достар». 18.00 «Дидар». 18.15 «Мультфильм.». 18.25 «Абайдың қара сөздері». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Әке серті». 19.30 Деректі фильм. 20.00 «Жұмадағы жүздесу». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Мәңгілік ел». 23.30 «Дидар».

## 11.04.2020

#### QAZAQSTAN
6:05 AQPARAT. 6:40 «Qyzyq eken...». 7:25 «Білгіштер». 8:30 «АҚ ҚАНАТТЫ ПЕРІШТЕМ». 10:00 «Шытынаған тағдыр». 11:00 «Шексіз сезім». 12:00 «NUR TILEÝ». 12:35 «Алыс сапар: Дарамүйізді іздегенде». 14:00 «Көсем». 15:00 «Ázil álemi». 16:00 «Суперкеліншек». 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 19:00 «ШЕКСІЗ СЕЗІМ». 20:00 Айтыс. 21:30 «КӨСЕМ». 22:30 «KÓŃILDI TAPQYRLAR ALAŃY». 0:20 «Nur Tileý». 0:50 «Сен де бір кірпіш дүниеге...». 1:15 «Ауылдастар». 1:45 «Ақ қанатты перііштем».

#### ХАБАР
6:00 «Тамаша». 7:00 «Асыл жарым». 8:45 «Черепашки-ниндзя». 10:30 «Удачная сделка». 12:30 «Бір туынды тарихы». 13:00 «Жұлдызды жекпе-жек». 14:45 «Өз үйім». 17:15 «Туған ел». 19:15 «Шерлок Холмс». 21:00 Дайджест «7 күн». 21:15 «G.I. Joe: Бросок кобры 2». 23:15 «Черный список». 0:30 «Қызық times». 1:40 «Көрімдік».

#### АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Әзілстан». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 «Маша и медведь». 10:00 «Кулфи». 11:20 «Қара ниет». 12:20 «Қош келдіңіз!». 13:20 «Ел аузында». 14:10 «Буба». 14:40 «Мимино». 16:30 «Жұлдыздар айтысады». 18:10 «1001 түн». 20:00 «Үздік әндер». 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Кулфи». 23:10 «Алдараспан». 2:00 Той жыры 2:25 «KazNet». 2:45 «Әзілстан». 3:15 «Ән мен әзіл».

#### КТК
07.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ». 07.50 «ҮЛКЕН ҮЙ-2». 08.40 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ-2». 09.40 «10 СТРЕЛ ДЛЯ ОДНОЙ». 13.30 «КАК РАЗВЕСТИ МИЛЛИОНЕРА». 17.00 «ОН И ОНА». 18.40 «СЕН ДЕ, МЕН ДЕ». 21.00 «БОЛЬШИЕ НОВОСТИ». 22.00 «ЕЛЕНА ПРЕКРАСНАЯ». 01.40 «СВАДЬБА ВСЛЕПУЮ». 02.50-04.20 «ҰРЫ».

#### 7-АРНА
06.00 «Қыздар арасында». 06.50 «Куырдак». 07.30 «Гу-гулет». 08.00 «Айнаонлайн». 09.00 «Субботний вечер». 10.45 «ИП Пирогова». 12.40 «Папаньки». 16.30 «Тракторшы». 18.40 «Тақиясыз періште». 21.00 «Младенец на $30 000 000». 23.20 «Охота на воров». 01.50 «Кзландия». 02.20 «Айнаонлайн». 04.00 Скетчком «Q-елі». 04.30 «Жеңіп көр». 05.10 «Гу-гулет».

#### 31
06:00 Әзіл студио. 07:00 Ризамын. 08:00 Бауржан шоу 09:00 «Готовим с Адель». 09:30 «Битва экстрасенсов». 11:30 «Өнер қырандары «Ұлы дала қырандары». 13:00 «Атлантида: Затерянный мир». 15:00 «What's Up?». 16:00 «Бриллиантовая рука». 18:00 «Астерикс и Обеликс в Британии». 20:00 «Мстители: Война бесконечности». 22:40 «Терминатор 2: Судный день». 01:30 Әзіл студио. 02:30 Ризамын. 04:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

#### AQSHAM
0 9:02 Реклама. 09:10 «Мия и я». 10:00 «Честное волшебное». 11:30 Информационный блок. 11:40 «Той любой ценой». 13:10 Реклама. 13:30 «До встречи с тобой». 15:00 Еске алу. 17:10 «Укрощение строптивого». 18:00 Еске алу. 19:30 «Игра». 20:00 Құтты болсын. 21:00 «Шахерезада нерассказанные истории». 22:00 Информационный блок. 22:10 «Ответный ход». 23:50 Реклама.

#### ДИДАР
08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Ән шашу». 09.00 Документальный фильм. 10.00 «Дидар». 10.15 «Сайра, бұлбұл». 11.45 Деректі фильм. 12.20 «Достар». 13.00 «Дидар». 13.30 «Жұмадағы жүздесу». 14.00 «Жүрек тынысы». 14.40 Мультфильм. 15.05 «Ән шашу». 15.55 «Абайдың қара сөздері». 16.00 «Әке серті». 17.00 Деректі фильм. 18.00 «Дидар». 18.15 «Мультфильм.». 18.25 «Абайдың қара сөздері». 18.30 «Гороскоп». 18 35 «Әке серті». 19.30 «Ән шашу». 19.40 «Ұлы даланың ұлы тұлғалары». 20.00 «Сәлем». 21.00 «Мәңгі өмір сүргін келсе». 22.55 «Қазақстан байтақ өлке». 23.40 «Ән шашу».

## 12.04.2020

#### QAZAQSTAN
6:05 «Qyzyq eken...». 6:40 «Сәлем, Қазақстан!». 8:10 «Білгіштер». 8:30 «Алыс сапар: Дарамүйізді іздегенде». 10:00 «Шытынаған тағдыр». 11:00 «Шексіз сезім». 12:00 «Суперкеліншек». 14:00 «Көсем». 15:00 «Жүзіктер әміршісі». 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 19:00 «ШЕКСІЗ СЕЗІМ». 20:00 «АРТА». 20:40 Айтыс 21:30 «КӨСЕМ». 22:30 «Ázil álemi». 0:30 «Apta». 1:10 «Тұлға». 1:35 «Ауылдастар». 2:00 «Kóńil tolqyny».

#### ХАБАР
6:00 «Тамаша». 7:35 «Туған ел». 9:45 «Glamұр для дур». 11:15 «От всего сердца». 12:15 «Бір туынды тарихы». 12:45 «Рауза». 15:30 «Шерлок Холмс». 17:15 «G.I. Joe: Бросок кобры 2». 19:15 «Жұлдызды жекпе-жек». 21:00 Дайджест «7 күн». 21:15 «Экипаж». 23:45 «Удачная сделка».

#### АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 7:00 «KazNet». 7:30 «Әзілстан». 8:00 «Маша и медведь». 10:00 «Кулфи». 11:20 «Қара ниет». 12:20 «Буба». 12:50 «Мимино». 14:40 «Алдараспан». 16:40 «Жұлдыздар айтысады». 18:10 «1001 түн». 20:00 «Үздік әндер». 20:45 «Аялы алақан». 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Кулфи». 23:10 «Bas Times». 0:50 «Ел аузында». 1:35 «KazNet». 2:05 Той жыры 2:30 «Әзілстан». 3:30 «Ән мен әзіл».

#### КТК
07.05 «СЕН ДЕ, МЕН ДЕ». 08.00 «КТК-да ҚАБАТОВ». 09.20 «ЮРМАЛА». 10.30 «ЕЛЕНА ПРЕКРАСНАЯ». 14.30 «ВТОРАЯ МОЛОДОСТЬ». 16.40 «ТЮЛЬПАН». 18.40 «АЛДАРАСПАН». 21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ». 22.00 «СЛУГИ НАРОДА». 22.30 «КОРОЛЕВА ПРИ ИСПОЛНЕНИИ». 00.30 «СВАДЬБА ВСЛЕПУЮ». 01.50 «ҚАҢҒЫБАС». 03.30-04.30 «КТК-да ҚАБАТОВ».

#### 7-АРНА
06.00 «Қыздар арасында». 06.50 «Куырдак». 07.30 «Гу-гулет». 08.00 «Айнаонлайн». 09.00 М/с «Фиксики». 09.30 «Три дороги». 13.20 «Юморина». 16.00 «Бұлбұл». 21.00 «Хоббит. Битва пяти воинств». 23.40 «Смертельный удар». 01.20 «Көнілді тапқырлар алаңы». 04.00 Скетчком «Q-елі». 04.30 «Жеңіп көр». 05.10 «Гу-гулет».

#### 31
06:00 Әзіл студио. 07:30 Ризамын. 08:30 Бауржан шоу 10:00 «Готовим с Адель». 10:30 «Ұлы дала қырандары». 12:40 «What's Up?». 13:40 «Бриллиантовая рука». 15:40 «Мстители: Война бесконечности». 18:30 «Мэри Поппинс возвращается». 21:00 «Битва экстрасенсов». 23:10 «Брат или Брак 2». 01:20 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 03:00 Әзіл студио. 04:30 Ризамын.

#### AQSHAM
0 9:02 Реклама. 09:10 «Мия и я». 10:00 «Снежная королева». 11:30 Информационный блок. 11:40 «Келинка то же человек». 13:10 Реклама. 13:30 «Капернаум». 15:00 Еске алу. 17:10 «Черновик». 18:00 Еске алу. 19:30 «Игра». 7 20:00 Құтты болсын. 21:00 «Шахерезада нерассказанные истории». 22:00 Информационный блок. 22:10 «Похищенная». 23:50 Реклама.

#### ДИДАР
08.00 «Гороскоп». 08.05 «Ән шашу». 09.00 Деректі фильм. 10.00 «Дидар». 10.15 «Қазақтың жігіттері». 12.15 «Жүрек тынысы». 13.00 «Ұлы даланың ұлы тұлғалары». 13.15 «Қазақстан байтақ өлке». 14.00 Фильм «Мәңгі өмір сүргін келсе». 15.55 «Абайдың қара сөздері». 16.00 «Әке серті». 17.00 «Асыл-Ана». 18.25 «Абайдың қара сөздері». 18.30 «Гороскоп». 18.35 Деректі фильм. 19.30 «Бейне-сыр». 20.00 «Сәлем». 21.00 «Мәншүк туралы достан». 22.30 «Ән шашу». 23.10 «Жүрек тынысы».

---


**«ОТАН» (ДОСААФ) АВТОМЕКТЕБІ**

«В», «В-дан С1-ге», «С1», «С», «ВС1», «Д1», «Д», «Е» категориялы жүргізушілер, «АВГ», «БД» категориялы тракторист-машинист курстары.

**Жезқазған қаласы, Гоголь көшесі, 13.**

**Телефон: 76 44 10, 76 08 61, 87772785577, 87051699920.**


## ҚҰРМЕТТІ ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ және ҰЛЫТАУ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Ұлы Отан соғысының аяқталып, Жеңіс мерекесі батырлықтың символына айналғанына биыл 75 жыл. Осыған орай, Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві **«Жезқазғандықтардың майдандағы ерлік жолдары»** атты АКЦИЯСЫН жариялайды. Бүгінгі таңда соғыс жылдарындағы құжаттардың бағасы мен маңыздылығын ескеріп, ондаған жылдар сақталған жәдігерлерді жинақтауымыз қажет.

Осы ретте, **Құрметті Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл ардагерлері және олардың ұрпақтары!** Майдангер-ардагерлеріміз жайында қолдарыңызда қандай да бір мәлімет-деректеріңіз болса, (ҰОС қатысушы ардагердің немесе тыл ардагерлерінің өмірбаяны, жеке құжаттары, марапаттары, мақалалары, естеліктері, жеке суреттері, т.б. құжаттары) Жезқазған қаласы мемлекеттік архивіне өткізулеріңізді сұраймыз.

***Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды!!***

**Мекенжайымыз: Жезқазған қаласы мемлекеттік архиві, Титов көшесі, 22, басшы Д.Орынбасарова, телефон: 72-31-22, №2 кабинет, Ж. Оспанова, телефоны: 72-31-23.**

## ТЕГІН ЗАҢГЕРЛІК КЕҢЕС АЛ!

2020 жылғы «Тегін заңгерлік кеңестер. Құқықтық сауаттылық» тақырыбы бойынша республикалық науқаны.

Тегін заңгерлік кеңестер, проблемалық банктік несиелер, және қарыздар мен басқа да құқықтық мәселелерден туындаған сот ісін жүргізуге байланысты мәселелерді шешу үшін «Сарыарқа» заң кеңесшілерінің құқықтық орталығы қоғамдық бірлестігіне жүгініңіздер. **Whatsapp-қа: 87027014429 (қазақ тілінде), 87018709889, 87019769889 (орыс тілінде)** телефондары арқылы хабарласуға болады.

## УПРАВЛЕНИЕ ПО ДЕЛАМ ОБОРОНЫ г.ЖЕЗКАЗГАН ПРОВОДИТ НАБОР НА ВОИНСКУЮ СЛУЖБУ ПО КОНТРАКТУ

***Воинская служба по контракту – работа для настоящих мужчин!***

Служба в вооруженных силах во все времена была почетной обязанностью и долгом государства, проявляя заботу о военнослужащих, и в целях повышения пристижа воинской службы приняло Закон Республики Казахстан «о воинской службе и статусе военнослужащих», который предусматривает расширенный социальный пакет для военнослужащих и членов их семьи.

– на время прохождения службы обеспечение жильем

– для оплаты расходов на коммунальные услуги и за аренду жилья выплачивается денежное компенсация.

– детям военнослужащих предоставляется внеочереди мест детских дошкольных учреждениях по месту жительства:

– медицинское обеспечение военнослужащих и членов их семьи в военно – медицинских учреждениях (организациях) осуществляется за счет государства.

Условия приема на воинскую службу по контракту:

Лица, поступающие на воинскую службу по контракту, должны отвечать следующим требованиям:

1) иметь гражданство Республики Казахстан

2) быть не моложе девятнадцати лет и не старше тридцати пяти лет:

3) иметь военно – учетную специальность. соответствующую воинской должности

4) отслужить срочную воинскую службу

5) помимо этого военнослужащим предоставляется ежегодный отпуск до

45 суток. с выплатой двойного оплаты на оздоравление.

За дополнительной информацией обращаться в управление по делам обороны по адресу: **г.Жезказган, улица Амралина, 26 (телефон 72-43-14).**

## ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ОНЛАЙН ТҮРДЕ АЛАТЫН БОЛАДЫ

Коронавирус инфекциясының таралуын болдырмау және оқшаулау шараларын күшейту мақсатында карантин барысында қаламыздағы халыққа қызмет көрсету орталығының жұмысы уақытша тоқтатылды. Осыған орай «Жезқазған қаласының кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі» ММ көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді «Электронды үкімет» порталы арқылы электронды түрде алуға болатындығын хабарлаймыз.

**«Жезқазған қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ**

## ЖИТЕЛИ ГОРОДА СМОГУТ ПОЛУЧИТЬ ГОСУСЛУГИ ТОЛЬКО ОНЛАЙН

В целях предотвращения распространения коронавирусной инфекции и ужесточения изоляционных мер в городе центр обслуживания нселення приостановил свою работу на период карантина. В связи с этим жители города могуть получить государственные услуги ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Жезказган» через портал электронного правительства.

**ГУ «Отделпредпринимательства и сельского хозяйства города Жезказган»**

Т.Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясының ұжымы филармония әртісі Асхат Мұханбетрахымұлы Сағындықовқа

**әкесі МҰХАНБЕТРАХЫМНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.


**БСН 050340007333, ЖСК KZ098560000005225027, БСК KCJBKZKX «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС.**

Меншік иесі: «САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор – бас редактор Дархан Қабылдашұлы МҰХАН

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитетінде қайта тіркелген (04.01.2019 ж.), куәлік №17433-Г (алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі – №569. 08.07.1997 ж.)

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет редакцияның өз компьютер орталығында терiлiп, беттелдi.
Қарағанды қаласында «Типография «Арко» ЖШС баспаханасында (Сәтбаев к-сі, 15) офсеттік тәсілмен басылды.

Таралымы – 2100. Көлемі – 4 баспа табақ. Тапсырыс №004. Газет аптасына бір рет – жұма күні шығады.

Бас редактордың орынбасары – Диана ОРАЗАЛИНА, корректор – Бикен ЕСЕНБАЕВА, фототілші – Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА.

(А) – материал ақылы.

100600, Жезқазған қаласы, І.Есенберлин көшесі, 63/3. http://saryarqa.info E-mail: sa_jez@ mail.ru whatsApp +7 708 420 19 88

Директор – бас редактор: 20-19-88, бухгалтерия/факс: 71-00-55, бас редактордың орынбасары: 71-07-01, тілшілер, газет тарату бөлімі: 77-50-25.

**Құрметті Бақыт Тұңғышбайұлы!**



*Сізді 55 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!*
*Деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлықты, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз!*

**Музей ұжымы**

**Ел басына бүгінгідей сынақ түскенде жезқазғандық еріктілердің күш біріктіріп, тұрғындардың қолы жетпей қалған медициналық маскаларды тігіп, тегін үлестіргені коронавирустан үрейленіп қалған көпшіліктің көңілін қуантты.**



# ЕРІКТІЛЕР ЕРЛЕДІ

– Бір аптаның ішінде біздің еріктілер, атап айтқанда, «Жылы жүрек» клубы мен жеке кәсіпкер Ернар Ахметов жетекшілік еткен ұжым барлығы 1200 дана маска тікті. Осы ретте, маскаға қажетті мата мен инежіптерді алып беруге жәрдемдескен жезқазғандық Жасұлан Шубаевтың есімін атап кетпеске тағы болмас, – деген мысты өлке жастарының көшбасшысы Ботакөз Мұхитден еріктілер жомарт жандардың қаржылай көмегінің арқасында аз қамтамасыз етілген отбасыларға қарайласқанын тілге тиек етті. Ұлыстың ұлы күні қарсаңында олар 60 отбасын қуантып, азық-түлік себеттерін таратқан екен. Еріктілердің игі істері мұнымен таусылмады. Күн-түн демей Қарағанды–Жезқазған, Қызылорда–Жезқазған тасжолдарында орналасқан блокпосттарда аяқтан тік тұрып, шаршаса да байқатпай қызмет көрсетіп тұрған денсаулық сақтау саласының қызметкерлері мен тәртіп сақшыларын ыстық тамақпен қамтамасыз етіп, алғыс арқалады. Келер аптадан бастап бірқатар қала дүкендерінен «Қайырымдылық сөрелерін» ашуды жоспарлап отыр. Сөрелерге қойылған күнделікті қажетті тұрмыстық заттар мен азық-түлікті мұқтаж жандар тегін ала алады. Сонымен қатар, еріктілер егде жастағы қарияларға қолғабыс етіп, қажетті дәрі-дәрмегі мен азық-түлігін жеткізіп беруді бастады.

– Еріктілердің және қолдау танытуға даяр жезқазғандық кәсіпкерлердің бұл тірлігі ерлікке пара-пар екені сөзсіз. Басынан талай нәубетті өткерген қазағым қай қиындықты болмасын бірлік пен ауызбіршіліктің арқасында жеңіп шыққан. Сондықтан, ертеңгі күніміз бүгінгіден де жарқын болатынына сеніп, қолымыздан келгенше айналамызға жәрдемдесіп жүрсек дейміз. Біз біргеміз, – деген жастар орталығының директоры Ботакөз Мұхиден маска тігу жалғасатынын хабарлады.

**Өз тілшіміз**

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

# COVID-19: белгілері қандай?

**Коронавирусқа шалдыққан науқастардың жай-күйі кім-кімді де толғандырмай қоймайтыны анық. Осы мәселеге қатысты аурумен алғашқы болып бетпе-бет айқасқан қытайлық дәрігерлер COVID-19 вирусын жұқтырған адамдардағы ауру белгілерін жіктеп көрсетті.**

Зерттеулерге сәйкес вирус адам организіміне енген алғашқы тәуліктен 4 күнге дейін дене қызуы жоғарылап, бұлшық еттерде ауырсыну, құрғақ жөтел, жүрек айнуы, іш өтуі пайда болады.

5–6 тәулікте тыныс алу қиындай бастайды.

7–күні тыныс алу тіптен ауырлайды.

8–9 күнде жағдайы ауыр науқастарда өкпе жұмысы бұзылып, өмірлік маңызы бар өзге органдарға оттегі тасымалы азаяды.

10–11-күндері жоғарыда көрсетілген ауруларға тағы іш ауруы қосылады.

12-күні науқастардың жағдай жақсара бастайды, дене қызуы түседі.

17–22 күнде науқас толық жазылып, аурудан кейін біртіндеп қалпына келе бастайды.

Тағы бір айта кетерлігі – кей науқастарда бұл белгілер 5 күннен артық уақытқа дейін де оңайлықпен байқалмауы да мүмкін. Аталған пікірлерге Оксфорд университетінің «Жұқпалы аурулардың экологиялық эволюциясы» зерттеу тобы аурудың 5 негізгі белгілерін былайша тарқатты.

Ол – алдымен иіс сезу қабілетінің жойылуы.

Конъюнктивит құбылысының пайда болуы. Яғни, көз қанталап, қыши бастайды. Іріңдеп, кірпіктер жабысып, қиындықтар тудырады.

Диарея. Зерттеу барысында ғалымдар Ухань қаласында коронавирусқа шалдыққан адамдардың 48,5%-ы дәрігерлер көмегіне диареямын деп қаралыпты.

Іш ауырсынуы. Дәлірек айтқанда, бұл өкпенің төменгі бөлігінде пневмонияның басталуынан болады.

Соңғы белгісі ретінде дененің дел-салданып, шаршаңқы күйге түсуін атайды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

**Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды» дейді. Сол сияқты дүлдүл ақын Ілияс Жансүгіров: «Қазақ халқы ежелден жылқы баққан, Артық көрген ат үстін алтын тақтан» десе, бұл тұрғыдан халқымыздың жылқытану қабілеті мен оның бағым-күтімі жайлы ілім-тәжірибесі жетерлік.**



# ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ЕЖЕЛДЕН ЖЫЛҚЫ БАҚҚАН...

***Жылқы үйірі***

Қолға үйретілмеген жылқы түлігі сонау бағзы заманнан бастап үйірмен өмір сүруге дағдыланған. Әрі жылдың ауыспалы маусымдарына бейімделіп, жазда жайылым, күзде соны, қыста қар-су қуалап үнемі қозғалыста болу себепті, әрбір түліктің үйірдегі орны анықталып отырған.

Үйір ішінде жүрген жылқы өзін қауіпсіз сезінеді. Өйткені үйір – жылқының бейбіт өмір сүруінің кепілі. Яғни жылқы сырттан келетін шабуылға тойтарыс беру, қиындықтан құтылу сияқты қажет дағдыларды үйірде үйренеді.

Үйірдегі әрбір жылқының орны бұлжымайтын қатаң тәртіппен сақталады. Егер тәртіп болмаса үйір өзін сыртқы жаудан қорғай алмайды. Үйірдегі тәртіпті үйлестіретін үйірдің басшысы болады. Бұл міндетті көп жағдайда сары қарын, сақа биелер атқарады. Жылқы түлігінің басты қасиеті үйір басы айғыр өзінен туған ұрғашы құлынды қайырмайды. Яғни қан жақындасып, үйірдің сапалық қуаты әлсіреуден сақтанады. Сондықтан өзінен туған құлын байтал шыққанда басқа айғырдың үйіріне қуалап апарып қосып береді де, өзі сол үйірдің байталын қайыруға алады. Алда-жалда қан жақындасқан жағдайда айғыр үйірін қайырмай таратып жібереді. Бұндай тектілік қасиет тек жылқы малында ғана бар.

Өйткені қан жақындасқан үйірден жауға мінер ат шықпайды. Сондықтан қазақ атбегілері баптаған жүйрігінің тек-тұқымын 4-5 аталығына дейін жақсы білетін болған. Жас айғырдан жақсы құлын туады. Жылқышылар көп айтатын «отты жылқы» дейтін тіркес бар. «Отты жылқы» деп үйірге тұңғыш түскен дөнен айғыр мен байталдың арасынан шыққан құлынды айтады.

***Үйірдің бағым-күтімі***

Үйірдің бағым-күтімін ондағы тай-құнандарға қарап біледі. Жас жылқылардың іші босап қарынсал тартса, жылқы үйірін дереу ащылатады. Қыстың алғашқы айларында үйір жайылымына ішетін суы бар, ащылауға қолайлы өлкені таңдайды. Көктемде ағынды суы бар изенді далаға өрістетеді. Жылқының қасиеті бір-бірін кісінесіп иіс және дауысы арқылы таниды. Қазақтың «жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше» дейтін сөзі осы мақсатты көздеп айтылса керек.

Жылқыны қыс айларында отарлатады. Отарлатудың пайдасы: күзде қоң жинаған түліктің қоңын көктемге дейін арықтатпай жеткізу және биелерді аман-есен құлындату болып табылады. Жылқы малын бағудың ерекшелігі: ол басқа малдар сияқты емес, айдап жүріп бағуға ыңғайлы. Жылқы малын қыс бойы қар аз түскен немесе тебіндеп жайылуға мүмкіндігі бар өлкелерге айдап апарып отарлатады. Жылқыны отарға қазан айының соңына таман шығарып, көктемде биелер құлындағаннан кейін қайтарады.

Кәнігі жылқышылар үйірдің қоңын (күйін) ерекше бақылайды. Қоңы біркелкі семірген үйір сыртынан қарағанда, қозғалысы азайып, баяу үйездеп, көсіле жусап, екі-екіден қасынысып, анда-санда жер иіскеп, бас шұлғысып тұрады.

***Жылқы отары***

Отарға ықтасын және қырат-қырқалы төбе-төбешіктері бар, табиғаты жылы райлы, жұмсақ және жазда мал жайылмаған, шөбі мол һәм шүйгін өлке таңдалады. Қыс айларында жылқы түлігінің жайылымы: бетеге, түйеқұлақ, қарақұйрық, қазтабан, сары изен, күзеген, қияқ, бунақ жусан, селеу, қан-дауыр, қылтан, бозаң, ботажусан, тарлау, терісқен, буылдырық, бұйырғын, жуа, тағы басқа шөптерге бай болуы қажет.

Күз және көктем мезгілдеріне қарағанда, жылқы қыста көп жайылады. Бір тәуліктің 20-22 сағатында жайылып, 2-3 сағат демалып ұйықтайды. Тәжірибелі жылқышылар қыста жылқы жайылымының шөбін тақырлатпай, көктемге дейін бөліп-бөліп жайып жеткізеді. Өйткені қыста бір желінген шөп қайта көктемейтіндіктен шөп аз шыққан жылдары жылқышылар түлігінің ашығып қалмауын қатты қадағалайды. Ол үшін жайылымды жоспарлы түрде ай-апталарға бөліп пайдаланады.

Қыс айларында жылқы су ішетін даладағы бастау-бұлақтар қатып қалатындықтан жылқышылар түлігін қарлатып жаяды. Қыста шұбар қарлы жер жылқы отарына қолайлы. Тәжірибелі жылқышылар отарды алысқа айдап қинамайды. Қыста кенет терлеген жылқы ауырып қалуы мүмкін және қатты жүріс үйірдің табанын тоздырады. Үйірді бір күнде 10-15 шақырымнан артық жүргізбеген дұрыс.

Жылқы жаңа жайылымға барғанда шөптің сонысын қуалап жайылатындықтан, оны иіріп ұстауға болмайды. Жайылым жақсы болғанда жылқылардың жаясы домаланып, жалы желбіреп, сергек қозғалады. Тай-құнандар шапқылап ойнаса, бұл да жайылымның жақсы болуының әсері.

Аязды күндері тоңбас үшін жылқы ішкі жылуын бойында жақсы сақтайды. Қарды көп жеген жылқының ішкі жылу сақтау әсері босаңсиды. Қыс бойы қарлата берудің де кемшін тұстары бар. Құнарлы шөпке жайылған жылқы іш майын жақсы сақтайды да, кездейсоқ болатын үскірік боранды күндері ығып кетпей байырқалайды. Қысқы жайылымда жоғарыдағы талаптар сақталмаса, жылқы тез ариды және ішкі қуатын жоғалтады.

**Жылқы суару**

Жылқының дене құрылысының 63 пайызы сұйық заттан тұрады. Ағзадағы зат алмасу процесі су арқылы іске асады. Күнделікті тұтынған суының 5-7 пайызын сыртқа шығарып отырады. Егер жылқы судан тарыққан жағдайда салмағының 10 пайызын жедел жоғалтады.

**Жылқы судан тарыққан жағдайда:**

– Жайылымда күнделікті қоректенетін шөп қорының 10-15 пайызын кем жейді.

– Ас қорыту ағзаларының қызметі нашарлайды.

– Жайылым кезіндегі қозғалысы мен қуаты 20 пайызға құлдырайды.

– Ауруға ұшырау ықтималдығы 15-25 пайызға артады.

– Суыққа төтеп беру мүмкіндігі төмендейді.

– Майынан тез арылады.

– Биелердің іш тастауы 25-30 пайыздық үлеске ие болады.

**Күнделікті суарылып отырған жағдайда:**

– Күнделікті қоректенетін шөп қоры 30 пайызға дейін артады.

– Ас қорыту ағзаларының қызметі қалыпты болады.

– Жас жылқылардың өсу процесі 5 пайызға жеделдейді.

– Суыққа төзімді болады.

– Тәулігіне 178-430 грамм ет қосады.

– Бие іш тастамайды.

– Артық шығын (өлім-жітім) болмайды.

Жаз айларында жылқыны таза ағынды өзен-бұлақ суымен суарған абзал. Лай судың зияны көп. Сол сияқты тым ащы сумен суаруға болмайды. Егер судың құрамында кобальт, фтор секілді химиялық элементтер көп болса, жылқының жетілуіне кедергі келтіреді және тісі кетіледі.

Жылқы тәулігіне 25-30 литр су ішеді. Жаздың жаңбырлы күндері 15-20 литр су қажетсінеді. Тай-құлындар сақа жылқыға қарағанда суды 50 пайыз аз тұтынады. Тәжірибелі жылқышылар ыстық күндері желіде байланған жас құлынның арқасына күніне 2 дүркін су себеді. Бұл құлынды күннің өткір сәулесіне ұрынудан сақтайды.

Қысты күндері даланың табиғи сулары мұзға айналатындықтан жылқыны көп жағдайда құдық суымен суарады. Сондай-ақ жылқыны қарлатып суару деген бар. Яғни жылқы қар жеп шөлін басады. Бірақ бұл әрекет жылқының шөлін толық қандырмайды. Сол себепті қарлаған жылқыны аптасына бір дүркін қыста қатпайтын қарасу-бұлақ басына апарған тиімді.

Жылқы жаздың ыстық күндері 6-8 минутта, салқын күндері 3-4 минутта, жауынды күндері 2-3 минутта, көктем айларында 3-6 минутта, қыста 2-3 минутта суға қанып үлгереді. Жылқы түлігі басқа малдар сияқты суды бөліп-бөліп ішпейді, бір дүркін бас алмай сіміреді.

Жылқы су ішіп жатқанда ебедейсіз қылық көрсетіп үркітуге, оқыс дауыс көтеріп айғайлауға болмайды. Тек жайлап жеңіл ысқырып тұрған жөн.

***Жылқы семіруі***

Жайылым жағып семірген жылқы үйірін көбір жүнінің өзгерісінен тануға болады. Қара етінің шелі майланып семірген жылқының жүні жұқарады. Қазақ жылқышылары түліктің семіруін үш кезеңге бөліп қараған:

Бірінші кезең. Су семіздік немесе ескі жүнінің түсуі. Мұндай жағдайда жылқы толық семірмейді. Бірақ арқа-жаясы, сауыры, сүбенің етегі толысады. Қабырға сүйектерінің сыртқы тері жолағы кетпей, көзі былшықтанып, жалы жығылып тұрады. Күш-қуаты әлі де толыспағандықтан ықтасын беткейлерді қуалап жайылады. Үйірді қуалап айдағанда жүрісі дүбірлеп дүркіремей, тапырақтап шығады. Қара етіне май жүгірмеген жылқының аяқ тастасы әлсіз, өлімсіреу келеді. Су семіздік кезінде жылқы қою, тығыз, жасыл тезек тастайды.

Екінші кезең. Ет семіздік немесе жал майлануы. Жалы майланған жылқының көбір жүні толық түлеп түседі. Жылқы сергектеніп, үркектеп, сауыры жайпақтана жайылады. Түр сипаты жылтырап, қыстағы жығылған жалы майланып, көзге біліну тұрады. Қабырға жолағы жоғалып, сан еті толысады.

Үшінші кезең. Май семіздік немесе жауырын тұтасуы. Май семіздік кезінде жылқының қабырғасы бітеуленіп, қазысы толып, арқа-сауырына жыра салады. Қалғымалы күйге түсіп, үйездеп қасынысады. Толық семірген жылқыны жауырын астында қабырғаларының қарнына қарай ойыстануынан аңғаруға болады. Жалы бүтіндей толысып, жүргенде екі жағына ырғатыла құлайды.

***Жылқы күзеу***

Жылқыны күземесе ұсқыны кетеді және жайылу, су ішу, құлындау барысында қиындық тудырады. Жылқы күзеудің жас ерекшелігіне қатысты дәстүрлі тәртібі бар. Қалыптасқан дәстүр бойынша құлынды биелер мен айғырлар, жаз жайлайтын бедеу биелер, мініс аттары сыпыра күзелмейді. Сәнге мінетін жылқыларды көркем күзейді. Қазақта «жылқы көркі – жал» деген тегін айтылмаған.

**Тай күзеу.** Тайды еркек-ұрғашысына қарамай тегіс сыпыра күзейді де, соңында уыс толар шоқтық қалдырады. Кекілін көзіне түспейтіндей етіп қыс-қартады. Құйрығын шонданайына дейін жалаңаштап толық күзеп, дәл ұшына шыбын қағарлық шашақ қалдырады.

**Құнан күзеу.** Құнанның кекілін шырпып қана теңестіре қырқады. Ал жалы тайдікі сияқты сыпыра күзеледі де, құйрығына қайшы тигізбейді.

**Байтал күзеу.** Кекілі мен жалын құнан сияқты күзейді. Құйрығының жоғары тұсынан «жол көрсетер» деп аталатын екі кертік қалдырып, ұшына шыбын қағар шашақ жасайды.

**Қысыр күзеу.** Қысыр биенің бойын түзеу үшін кекілін төгілтіп қояды. Жалын сыпыра күзейді. Құйрығын жоғарыдан үш бунап күзеп, ұшын шырпып тегістейді.

Соғым жылқысын күзеу. Соғымға арнап жіберген жылқыны күзегенде жалын тақырлап сыпырады да, құйрығын тірсектен шорт қияды.

**Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ**
*«Egemen Qazaqstan»*



**«Жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше», деген тәмсілі бар халықтың баласымыз. Біздің қазақ ертеден бір-бірімен «Мал-жан аман ба?» – деп амандық сұрасқан. Қазір сол жан амандығын күйттейтін заман туып тұр. Біреулер қол беріп амандасу бізге ислам дінімен келген десе, енді біреулер оның мәнін одан әріден іздеп әуре.**

# КАРАНТИН және АМАНДАСУ МӘДЕНИЕТІ

Бабаларымыздың қолын кеуде тұсына қойып, бас изеп амандасқаны да рас. Бірақ, «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда – қазан» дегенді де ұмытпауымыз керек. Заманына қарай жекелеген салт-дәстүрдің ұмытылып, жаңа әдеттер қалыптасуы барлық ұлтқа тән құбылыс.

Әлем назары дәл қазір «Covid-19-ға» ауып отыр. Кез келген жұқпалы індеттің таралуы адамдардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынасынан туындайды. Оның ішінде ең көп таралғаны – қол беріп амандасу кезінде біреуден екінші адамға жұғуы. Сондықтан, төтенше жағдай жариялауға себеп болған пандемия тұсында қол беріп амандасу қауіпті екенін есіңізден шығармаңыз. Себебі, сіз көшеде кездескен адамдармен амандасып, үйіңізге кіре салысымен алдыңыздан құлдыраңдап шыққан құлыншақтарыңызды құшақтап, басынан сипап, бетінен сүйесіз. Осылайша, оларға вирус жұқтыруыңыз әбден мүмкін. Жалпы, адам түшкіргенде, жөтелгенде мұрнын немесе ауызын алақанымен, жұдырығымен көлегейлеуі – шартты рефлекс. Міне, бұл – қолымызға вирустардың неге құмар екендігінің қарапайым ғана түсіндірмесі.

Қол беріп амандасатын ел тек біз емес. Еуропаның бірқатар елінде қол беру әдебі бар.

Шығыс халқы қол беріп амандасу мәдениетін бойына сіңіріп алғанымен, іскерлік кездесу барысында кез келген адам келісім белгісі ретінде бір-бірімен қол алысады. Қазіргі таңда көптеген елдер мен лауазымды тұлғалар бұл әдепті қоя тұру керек екенін жаһанға жар салып айтып жатыр. Сондай-ақ, сүйісіп амандасу секілді әдептер де қауіпті екендігін, бұл кезеңде «алыстан сыйласқан жөн екенін» кез келген дәрігер түсіндіріп бере алады. Әлемнің бірқатар елдері бұл жайлы арнайы бейнероликтер түсіріп, билбордтарға орналастырып, ақпаратты халыққа барынша жеткізуге тырысуда. Мәселен, Қытайда ең әуелі көше билбордтарына жүгінген. Содан кейін арнайы дыбыс зорайтқыштар арқылы хабарландыру берген. Мәтін мазмұны «Қол беріп амандасуды доғара тұрыңыздар. Оның орнына қолыңызды жоғары көтеріп, жұдырығыңызды түйіп, өзіңізде бәрі жақсы екенін ишарамен білдіріңіз», – дегенге саяды.

Ал, Франция газеттерінің әр санында қол беріп амандасу мен беттен сүю рәсімін ұмыта тұру жайлы кеңестер берілуде. Тіпті, кейбір сарапшылар «Бұл – орта ғасырларда енген мәдениет. Қазір дауысыңды естіртіп амандасуды қалыпқа енгізіп, сол дәстүрді әрі жандандырып кетуіміз қажет», – дегенді БАҚ арқылы жиі айтып жүр екен.

Аустралияның Жаңа Оңтүстік Уэлс (Нью Саус Уэлс, New South Wales) штатының денсаулық сақтау министрі Бред Хаззард қол беріп амандасудың орнына адамдар құшақтасып, бір-бірінің арқасынан қақса болады деген екен. Сондай-ақ, дәстүрге айналған беттен сүюді де доғара тұрған жөн деп санайды.

Германияда мынадай бір қызық оқиға орын алған. Германияның ішкі істер министрі Хорст Зеехофер канцлер Ангела Меркельдің ұсынған қолын алмай, бетіне қарап жылы жымиған. Жауап ретінде Меркель ханым да жымиып, ұсынған қолын кері алуға мәжбүр болған. Осы жайт лауазымды тұлғалардың өз әрекеті арқылы адамдарды сақтыққа шақыруы деп ойлаймын. Сондықтан, елпілдеп қол ұсынуды қоя тұрған жөн. Испанияда коронавирус кесірінен ежелден келе жатқан діни рәсімге тыйым салынуы мүмкін. Пасха аптасында испан католиктері шіркеуге келіп, Мария Ананың ескерткішін сүйетін дәстүр бар. Апта бойы дін ұстанушылар ескерткіштің қол-аяғын сүю үшін ұзын-сонар кезекке тұрады. Осылайша, олар одан өздерінің жасаған күнәларын кешіруді, өздерін панасына алуды сұрайды екен. Қазір бұл мейрамға шамамен бір айдан аз-кем уақыт қалыпты. Коронавирус «аяғын тартпаса», бұл рәсімге шектеу қойылатын болады. Денсаулық сақтау министрлігінің өкілі Фернандо Симонның айтуынша, осы мәселе бүгінгі күні жоғарғы деңгейде қызу талқылануда.

Биыл Қазақстан Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамын жылдағыдай тойлаудан бас тартқаны белгілі. Румынияда да соған ұқсайтын Мэрцишор атты көктемді қарсы алу мерекесі бар. Осынау мейрам кезінде жұрт бір-біріне гүл сыйлайды. Гүлді көбіне ерлер қауымы әйелдер қауымына сыйлайды емес пе? Осыған байланысты ел билігі гүл беру кезінде құттықтау сөзбен ғана шектелуді, беттен сүю дәстүрін қоя тұруды ескертуде.

Польшада дінге сенушілерге шіркеуге кірген және шыққан кезде арнайы ыдыстағы суға қолдарын матырмауды, бірден шоқыну рәсімін жасай беруді ұсынып отыр.

Осы мақаланы жазу сәтінде коронавирустан көз жұмған ирандықтардың саны 2077-ге жетіп тұрды. Бұл елде әлеуметтік желі арқылы кең таралып жатқан бір бейнебаян бар. Онда маска тағынған екі жігіт көшеде кездесіп, қолдарын қалтасынан алмаған күйі амандасып, сөйлеседі.

Бұл – бейжай қарайтын дүние емес. Медицинасы озық елдер де осы әдісті пайдалануда. Осынау қарапайым қағидатты қатаң ұстану – қатерлі дертке тосқауыл қоюдың бір жолы.

**Айсұлтан МҰХАМЕДИЯҰЛЫ**
*«Ortalyq Qazaqstan»*